

«Standard Life» ӨСК» АҚ
 Басқарма шешімімен
 мақұлданды
 (20.10.2023 ж. № 39
 отырыс хаттамасы)

Бекітілді
 «Standard Life» Өмірді сақтандыру
 компаниясы» АҚ
 Директорлар кеңесінің шешімімен
 (27.10.2023 жылғы №17 хаттамасы)

**«PRO LIFE FIT»
 ПАЙДАҒА ҚАТЫСУМЕН ӨМІРДІ ЕРІКТІ ЖИНАҚТЫҚ
 САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

2023 жылғы 06 қарашада қолданысқа енгізілді

	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы
Келісілді	Қаржы директоры	Байғамытова Н.С.	
	Басқарушы директор	Шлыков В.С.	
	Басқарушы директор	Жамек Д.А.	
	Комплаенс-бақылау қызметінің басшысы	Ким Г.Г.	
	Тәуекелдерді басқару қызметінің басшысы	Осинцев Р.С.	
	Актuarлық есептеулер және талдау департаментінің директоры	Илюсинова А.С.	
	Статистика басқармасының бастығы	Карчагина О.Н.	
	Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаментінің директоры	Джелкобаев Т.К.	
	Төлемдер басқармасының бастығы	Молдафина М.М.	
	Жинақтаушы сақтандыру департаментінің директоры	Анарбекова А.Р.	
Әзірлеген	Басқарушы директор	Уткин А.С.	

Алматы, 2023 жыл

1-тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы «PRO LIFE FIT» пайдасына қатысумен өмірді ерікті жинақтаушы сақтандыру ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Ережелер «PRO LIFE FIT» пайдасына қатысумен өмірді ерікті жинақтаушы сақтандыруды жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын (бұдан әрі – сақтандыру өнімі), пайдаға қатысумен өмірді жинақтаушы сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – сақтандыру шарты) жеке тұлғалармен және заңды тұлғалармен қосымша сақтандыру талаптарымен жасасу тәртібін айқындайды.

3. Осы Ережелер аясында Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) «Standard Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ пайдасына қатысады.

1-бап. Ережелерге қолданылған негізгі ұғымдар

1. **Сақтандырушы** – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда Сақтанушыға немесе сақтандыру шартымен тағайындалған сақтандыру сомасы (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жасауға міндетті болатын «Standard Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы. Сақтандырушы ретінде – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқық беретін тиісті лицензиясы бар заңды тұлға ғана бола алады.

2. **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан заңды немесе жеке тұлға (18 жасқа толған).

3. **Сақтандырылушы** – сақтандырылатын жеке тұлға (7 жасқа толған). Жинақтау кезеңі аяқталғаннан кейін Сақтандырылушының жасы 70 жастан аспауға тиіс.

4. **Қосымша Сақтандырылушы** – дене жарақаттары бойынша Төлемдер кестесіне сәйкес (осы Ережелердің №1 қосымшасы) жазатайым оқиғаның нәтижесінде жарақат алған жағдайда – қосымша өтеу бойынша сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. Қосымша Сақтандырылушының жасы – 7 жастан басталады және Жинақтық кезең біткенде жасы 70-тен аспауы тиіс.

5. **Пайда алушы** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға.

6. **Сақтандыру полисі** – Сақтандырушы Сақтанушыға ресімдейтін (Сақтандыру ережелеріне қосылу шарты) және сақтандыру шарты болып табылатын жазбаша құжат.

7. Осы Ережелердің шарттарын іске асыру мақсатында Сақтандыру полисі төмендегілерге бөлінеді:

1. **Түпнұсқалық сақтандыру полисі** – Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартын жасасу кезінде ресімдейтін полис;

2. **Жаңартылған сақтандыру полисі** – Қағидада көзделген жағдайларда бұрын берілген полистің орнына сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде Сақтандырушы Сақтанушыға ресімдейтін полис.

8. **«Төленген» жағдайындағы полис** – өтеп алынатын сома болған жағдайда сақтандыру жарналарын төлеудің мерзімінен бұрын тоқтатылуы.

9. **Сақтандыру полисінің телнұсқасы** – түпнұсқамен бірдей заң күшіне ие сақтандыру полисінің жоғалған түпнұсқасының орнына Сақтанушыға Сақтандырушының берген полисі.

10. **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтандырушы жауапкершілігінің межелі көлемін білдіретін ақша сомасы.

Сақтандыру сомасына қатысты осы Ережелердің шарттарын іске асыру мақсатында, келесі ұғып пайдаланылады:

Бонустық сақтандыру сомасы – осы Ережелерге сәйкес сақтандыру дивидендтерінің мөлшеріне қарай анықталатын қосымша сақтандыру сомасы.

11. **Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы)** – сақтандыру шартында анықталған мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудың соңғы міндеттерін қабылдау үшін Сақтанушы сақтандыру шартымен анықталған мөлшерде Сақтандырушыға төлеуге міндетті болатын ақша сомасы.

12. **Сақтандыру төлемі** – Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

13. **Бонустық төлем** – осы Ережелерге сәйкес сақтандыру дивидендтерінің мөлшеріне қарай анықталатын қосымша сақтандыру төлемі.

14. **Аннуитеттік төлем** – сақтандыру шартында анықталған мерзімнің орын алуы барысында мерзімді төлемдер түрінде жүзеге асырылатын сақтандыру төлемі.

15. **Сақтандыру дивидендтері** – Сақтандырушының ішкі құжаттарымен және қағидаларымен сәйкестікте есептелген, Сақтандырушының табысын бөлу есебінен берілуге жататын, сақтандыру шартымен кепілдендірілмеген ақша сомасы.

16. **Өтеп алынатын сома** – сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Сақтанушы алуға құқылы болатын ақша сомасы.

Өтеп алынатын сомаға қатысты осы Ережелердің шарттарын іске асыру мақсатында, келесі ұғып пайдаланылады:

Бонустық өтеп алынатын сома – осы Ережелерге сәйкес сақтандыру дивидендтеріне қарай анықталатын, сақтандыру шартымен кепілдендірілмеген өтеп алынатын сома.

17. **Сақтандыру нысаны** – сақтандыру шартымен белгіленген белгілі бір мерзімге дейін Сақтандырылушының өмір сүруімен, сонымен қатар оның өмірі мен денсаулығына зиян келуімен, жұмысқа қабілеттілігін жоғалтуымен байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) мүліктік мүдделері.

18. **Сақтандыру оқиғасы** – орын алған жағдайда сақтандыру шартының талаптарымен қарастырылған тәртіпте сақтандыру төлемдерінің жүзеге асырылуы сақтандыру шартында қарастыратын уақиға.

19. **Кепілдендірілген мерзім** – Сақтандырылушының тірі немесе өлі екеніне қарамастан, аннуитеттік төлемдер жүзеге асырылуы тиіс болатын, полисте көрсетілген кезең (жылдармен).

20. **Андеррайтинг** – сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдерін бағалау және сақтандыру шарттарының талаптарын анықтау.

21. **Жазатайым оқиға** – денсаулығына зиян келтіруге, мертігуге немесе өлімге әкелген, Сақтандырылушының ағзасына сытқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер етудің нәтижесінде адамның еркінен тыс орын алған күтпеген қысқа мерзімді оқиға.

Осы Ережелерге қолдану тұрғысында жазатайым оқиға ретінде – денсаулығына зиян келтіруге, мертігуге немесе өлімге әкелген, Сақтандырылушыға қатысты үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері де түсіндіріледі.

Жіті, созылмалы және тұқым қуалайтын аурулардың кез келген түрлері (соның ішінде тұқым қуалайтын патологиядан немесе аурулардың дамуы нәтижесіндегі патологиядан туындаған инфаркт, инсульт және органдардың өзге де кенеттік зақымданулары) жазатайым оқиғаларға жатпайды.

22. **Мүгедектік** – ағза функцияларының тұрақты бұзылуымен денсаулықтың нашарлауы салдарынан адамның тіршілік қызметінің шектелу деңгейі. Тұлғаның мүгедектігі мен еңбекке қабілетсіздік деңгейін белгілеу – халықты әлеуметтік қорғаусаласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуі жолымен жүзеге

асырылады. Ережелерде мүгедектік ретінде – Сақтандырылушыға белгіленген бірінші немесе екінші топ мүгедектігі түсіндіріледі.

23. **Сақтандыру полисінің қолданылуының басталу күні** – сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру қорғанысы күшіне енгеннен бастап сақтандыру полисінде көрсетілген күн.

24. **Сақтандыру полисінің жылдығы** – күні мен айы сақтандыру полисінің берілген күні мен айына сәйкес келетін, сақтандыру шартының қолданылу кезеңіне тура келетін әр жылдың күні.

25. **Сақтандыру жылы** – сақтандыру полисінің берілген күнінен (алғашқы сақтандыру жылы) немесе сақтандыру полисінің жылдығынан (кейінгі сақтандыру жылдары) басталатын он екі айлық кезең.

26. **Жинақтау кезеңі** – сақтандыру полисінің қолданылуының басталу күнінен бастап, сақтандыру полисінде көрсетілген аннуитеттік төлемдердің басталу күніне дейінгі кезең. Жинақтау кезеңі 10 жылды және одан көп уақытты құрайды.

27. **Сақтандыру мерзімі** - сақтандыру полисінің қолданылуының басталу күннен бастап Пайда алушыға жасалатын аннуитеттік төлемдердің аяқталу күніне дейінгі кезең. Сақтандыру мерзімі жинақтау кезеңін және аннуитеттік төлемдерді жасау кезеңін қамтиды. Егер сақтандыру шартындағы сақтандыру төлемі бір мезгілде жүзеге асырылатын болса, сақтандыру мерзімі сақтандыру полисінің қолданылуының басталу күннен бастап, жинақтау кезеңінің аяқталу күніне дейін белгіленеді.

28. **Аннуитеттік төлемдердің басталу күні** – осы Ережелердің талаптарына сәйкес Сақтандырушы бірінші аннуитеттік төлемді жүзеге асыруды бастауы тиіс болатын күн.

29. **Соңғы аннуитеттік төлем күні** - осы Ережелердің талаптарына сәйкес Сақтандырушы соңғы аннуитеттік төлемді жүзеге асыруды бастауы тиіс болатын күн.

30. **Төлемдер кезеңі** – аннуитеттік төлемдердің басталу күнінен бастап, соңғы аннуитеттік төлемнің жасалу күніне дейінгі уақыт кезеңі.

31. **Аннуитеттік төлем жасау мерзімділігі** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес, мерзімі өткенге дейін әрбір аннуитеттік төлем жүзеге асырылуы тиіс болатын уақыт кезеңі (ай, тоқсан, жарты жыл және жыл).

32. **АЕК** – «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіш.

2-бап. Сақтанушыны ауыстыру

1. Сақтанушы үшінші тұлғаның, Сақтандырушының және Сақтандырылушының жазбаша келісімімен сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға табыстауға құқылы. Құқықтар мен міндеттерді табыстау – Сақтанушының қолы қойылған сақтандыру полисі түпнұсқасының немесе сақтандыру полисі телнұсқасының қоса тіркелуімен, заңнамамен белгіленген тәртіпте Сақтанушының, Сақтандырылушының және сақтандыру шарты бойынша құқықтар мен міндеттерді қабылдаушы тұлғаның (Сақтанушының құқықтық мұрагерінің) қолы қойылған өтінішті Сақтанушының беруі жолымен рәсімделеді.

Сақтанушыны ауыстыру – Сақтанушының құқықтық мұрагеріне берілетін жаңартылған полиске Сақтандырушының қолы қойылған күннен бастап жарамды болады.

2. Сақтандырылушы болып табылмайтын, Сақтандырылушының пайдасына сақтандыру шартын жасаған Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырылушының жазбаша келісімімен Сақтандырылушының пайдасына өтеді.

Сақтандыру шарты бойынша міндеттерді Сақтандырылушының орындауға мүмкіндігі болмаған жағдайда, оның құқықтары мен міндеттері заңнамалық актілерге сәйкес оның

құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша міндетті жүзеге асырушы тұлғаға өтуі мүмкін.

Сақтандырылушы болып табылатын Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, сақтандыру шарты онымен қарастырған шарттарда орындалады, егер де Сақтандырылушының өлімі осы сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру жағдайы болып табылса.

3. Заңды тұлға болып табылатын Сақтанушы қайта ұйымдастырылған жағдайда, сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде осы шарт бойынша оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тиісті құқықтық мұрагерге өтеді.

3-бап. Сақтандырылушыны ауыстыру

1. Сақтандырылушыны ауыстыру – Сақтанушы заңды тұлға болып табылатын шарттар болған жағдайда ғана мүмкін болады.
2. Сақтандыру шартында аталған Сақтандырылушы Сақтандыру полисінің жылдықтарында басқасымен ауыстырылуы мүмкін.
3. Сақтандырылушыны ауытыру – Сақтанушының қолы қойылған сақтандыру полисі түпнұсқасының немесе сақтандыру полисі телнұсқасының қоса тіркелуімен Сақтанушының және сақтандыру шарты бойынша Сақтандырылушының құқықтары мен міндеттерін қабылдаушы тұлғаның қолы қойылған өтінішті Сақтанушының беруі жолымен рәсімделеді.
4. Сақтандырылушыны ауыстыру – жаңа Сақтандырылушы бойынша жүргізілген андеррайтингтің ескерілуімен сақтандыру полисі бойынша барлық соммаларын қайта есептеу жолымен және осы Ережелердің 10 бабымен қарастырылған талаптардың ескерілуімен Сақтандырушының жаңа тұлғаға жаңа (жаңартылған) Сақтандыру полисін беруі жолымен рәсімделеді.

4-бап. Пайда алушыны ауыстыру

1. Сақтанушы сақтандыру оқиғасы орын алғанға дейін, Сақтандырушыға жазбаша хабарлай отырып, сақтандыруға берілген өтініште көрсетілген Пайда алушыны басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы.
2. Пайда алушыны ауыстыру – Сақтандырылушының жазбаша келісімімен жүзеге асырылады және Пайда алушыны өзгертуге қатысты Сақтанушының жазбаша хабарламасын Сақтандырушы алған күннен бастап жарамды болады.
3. Пайда алушы Сақтанушымен арадағы келісімінен туындайтын сақтандыру шарты бойынша белгілі міндеттерді орындағаннан кейін немесе сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөнендіге талабын Сақтандырушыға ұсынғаннан кейін Пайда алушы басқа тұлғамен ауыстырыла алмайды.

5-бап. Сақтандыру шартының қолданылуы

1. Сақтандыру шарты – егер Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген болса, Сақтандырушының оған қолы қойылған күннен кейінгі күннен бастап, ал егер оны бөліп төлеумен төлеген болса – сақтандыру шартымен қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімде алғашқы сақтандыру жарнасы төленген жағдайда күшіне еніп, тараптар үшін міндетті міндетті болады және сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін тараптар толық орындағанға дейін қолданыста болады.
2. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де қолданыста болады.
3. Сақтандыру шартында екі кезең қарастырылған:

- 1) Жинақтау кезеңі (сақтандыруға арналған өтініште көрсетіледі, бірақ 10 (он) жылдан кем болмауы тиіс);
- 2) Төлемдер кезеңі (сақтандыруға арналған өтініште көрсетіледі).

6-бап. Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) байланыс деректерін өзгерту

1. Сақтандырушы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) сақтандыру өтінішінде көрсетілген көрсетілген орналасқан жерінің немесе тұрғылықты жерінің мекенжайына хат-хабар жібереді.
2. Орналасқан жері немесе тұрғылықты жері өзгерген жағдайда Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) өзінің жаңа мекенжайын Сақтандырушыға он күн мерзімнің ішінде хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда, бұрынғы орналасқан жерінің немесе тұрғылықты жерінің мекенжайы бойынша жіберілген Сақтандырушының кез келген хабарламасы тараптармен орындалған (жарамды) деп есептеледі.
3. Егер Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) орналасқан жері немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) хат-хабарды жеткізуге жауапты болып табылатын Қазақстан Республикасындағы сенімді тұлғаны көрсетуге міндетті болады.

7-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушының құқықтары:

- 1) осы Ережелермен, сондай-ақ уәкілетті органмен бекітілген сақтандыру ұйымының пайдасына немесе инвестицияларына Сақтанушының қатысу ережелерімен танысып шығу;
- 2) Сақтандырушының пайдасын бөлу шарттарымен, тәртібімен және мерзімдерімен танысып шығу;
- 3) осы Ережелермен қарастырылған тәртіпте сақтандыру шартын бұзу;
- 4) сақтандыру құпиясы;
- 5) сақтандыру шарты бойынша мойнына алған міндеттемелерді орындауын Сақтандырушыдан талап ету;
- 6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте дауласу;
- 7) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда, оның телнұсқасын алу;
- 8) Сақтандырушы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептерімен танысып шығу;
- 9) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған өзге құқықтар.

2. Сақтанушының міндеттері:

- 1) сақтандыру шартын жасау кезінде Сақтандырушыға Ережелердің 10 бабының 5-тармағына сәйкес сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығын бағалау үшін мағызы бар, өзіне белгілі барлық жағдайлар туралы хабарлау, сондай-ақ сақтандыру шартын жасағаннан кейін сақтандыру тәуекелін арттыруы мүмкін барлық деректер жайлы хабарлау;
- 2) Сақтандырушыға жүгіну дерегін объективті түрде тіркеуге мүмкіндік беретін кез келген қолжетімді тәсілмен Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы, ол басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, мұндай міндет Сақтандырылушыға жүктеледі. Егер сақтандыру жағдайы Сақтандырылушының қайтыс болуы

болып табылса, онда сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыға хабарлау міндеті – Сақтанушыға, ал егер ол сонымен қатар Сақтандырылушы болып табылған болса – Пайда алушыға жүктеледі. Егер Сақтанушы (Пайда алушы) дәлелді себептермен Сақтандырушыға жоғарыда көрсетілген мерзімдерде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға мүмкіндігі болмаса, ол уақтылы хабарламаудың себебі туралы жазбаша түсініктеме беріп, оны құжат арқылы растауға тиіс. Уақтылы хабарламаудың дәлелді себептері ретінде осы Ережелердің 43-бабында көрсетілген сырқаттар, стационарлық емделуде болу, сондай-ақ форс-мажор жағдайлары танылуы мүмкін;

- 3) сақтандыру жағдайының орын алу жағдайларын уақтылы және толықтай анықтауда Сақтандырушыға жәрдемдесу;
- 4) сақтандыру шартымен белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақыларын (жарналарын) төлеу;
- 5) сақтандыру жағдайының орын алуына жауапты тұлғадан талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз ету. Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, мұндай міндет Сақтандырылушыға жүктеледі;
- 6) сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға барлық құжаттар мен айғақтарды беру және оған өткен талап ету құқығын Сақтандырушының жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді оған хабарлау;
- 7) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған өзге де міндеттерді орындау;
- 8) осы Ережелер аясында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде, немесе Сақтандырушының сауалы бойынша, мәлімделген оқиға/сақтандыру жағдайы бойынша шешімді Сақтандырушының қабылдауы үшін қажетті құжаттарды ұсыну.

3. Сақтандырушының құқықтары:

- 1) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес мойнына алған міндеттемелерді орындауын талап ету;
- 2) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу;
- 3) Сақтанушыдан тәуекелдік дәрежесін анықтау және тариф мөлшерін белгілеу үшін маңызы бар кез келген ақпаратты сұрауға;
- 4) белгілі бір тәуекел бойынша сұратылған сақтандыру сомасының негіздемесін талап ету. Сақтанушы тәуекел деңгейін, тариф мөлшерін анықтау үшін қажет болатын, Сақтандырушы сұратқан мәліметтерді беруге шамасы болмаған немесе беруді қаламаған жағдайда, сондай-ақ андеррайтинг бойынша маманның теріс қорытындысы болған жағдайда сақтандыру шартын жасаудан бас тарту.
- 5) зиян келтірген тұлғаға кері талап ету;
- 6) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған өзге құқықтарды жүзеге асыру;
- 7) Сақтандырушы мәлімделген оқиға/сақтандыру оқиғасы бойынша шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды осы Ережелермен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде немесе Сақтандырушының сұрауы бойынша ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға құқылы болады.

4. Сақтандырушының міндеттері:

- 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережелерімен таныстыру;
- 2) сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру шартымен қарастырылған көлемде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыру;
- 3) осы Ережелермен Сақтанушыны таныстыру және осы Ережелердің көшірмесін ұсыну, сондай-ақ уәкілетті органмен бекітілген сақтандыру ұйымының пайдасына немесе

- инвестицияларына Сақтанушының қатысу Ережелерінің көшірмесін танысып шығуға ұсыну;
- 4) Сақтандырушының пайдасын бөлу шарттарымен, тәртібімен және мерзімдерімен Сақтанушыны таныстыру;
 - 5) Сақтанушымен, Сақтандырылушымен қарым-қатынастарда сақтандыру құпиясын, құпиялылықты қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларды, сондай-ақ қатар ол жайлы мәліметтерді ашуға (табыстауға, беруге, жария етуге және т.б.) Сақтанушының/Сақтандырылушының шартсыз және қайтарымсыз жазбаша келісімі болған жағдайды қоспағанда, өзінің кәсіби қызметі нәтижесінде алған Сақтанушы, Сақтандырылушы және оның мүліктік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеу;
 - 6) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе зардап шегуші (Пайда алушы) немесе оладың өкілдері сақтандыру төлемін жасау шін қажетті құжаттардың барлығын ұсынбаған жағдайда, құжаттар толық көлемде алынбаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжаттар туралы оларға хабарлау.
 - 7) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған өзге міндеттерді орындау.

2-тарау. ПАЙДАҒА ҚАТЫСУМЕН ӨМІРДІ ЖИНАҚТЫҚ САҚТАНДЫРУ

8-бап. Сақтандыру оқиғасы

1. Ережелерге сәйкес, сақтандыру жағдайы (негізгі өтеу) келесілер болып табылады:
 - 1) Сақтандырылушының жинақтық кезең аяқталғанға дейін өмір сүруі,
 - 2) жинақтау кезеңінде орын алған кез келген себеп бойынша Сақтандырылушының қайтыс болуы.

9-бап. Сақтандырушының пайдасына қатысу. Сақтандыру дивидендтерін есептеу шарттары мен тәртібі

1. Сақтандыру полисі бойынша Сақтанушылар арасында Сақтандырушының пайдасын бөлу – аяқталған қаржы жылының қорытындысы бойынша жүргізіледі.
2. Сақтанушылар арасында бөлінетін Сақтандырушының пайдасының мөлшері туралы шешімді Сақтандырушының Директорлар Кеңесі қабылдайды.
3. Сақтандыру дивидендтері ең аз жинақтау мерзімі 2 (екі) жыл болған кезде 1 қаңтардағы жағдай бойынша сатып алу сомасына есептеледі.
4. Сақтандыру дивидендтері жинақтау кезеңінде де, төлем жасау кезеңінде де есептеледі.
5. Сақтандыру полисін Төленген полиске аударған жағдайда, Сақтанушыда пайдаға әріқарай қатысу құқығы сақталады.
6. Сақтандыру шарты бойынша есептелген сақтандыру дивидендтері бонустық сақтандыру сомасы мен бонустық аннуитеттік төлемнің қалыптасуы үшін пайдаланылады.
7. Пайданы бөлудің тиісті жылына сәйкес келетін өз жылдығының күнінде қолданыста болған сақтандыру полистері пайданы бөлуге қатысады.
8. Егер Сақтандыру полисі табысты бөлу жылына сәйкес келетін өз жылдығының күнінде тоқтатылған немесе бұзылған болса, бірақ келесіде Сақтандыру ережелерінің ескерілуімен қалпына келтірілген болса, қалпына келтіру – сақтандыру полисінің келесі жылдығының күніне дейін жүзеге асырылған жағдайда ол сақтандырудың келесі жылдығының пайдасын бөлуге қатысады.
9. Сақтандырушы табысты бөлу жылынан бастап жыл сайын, есептік жылдан кейінгі айдың он төрт жұмыс күні бойына, сондай-ақ сұрау бойынша кез келген сұратылған күнінде сақтандыру шарты бойынша келесі ақпаратты Сақтанушыға ұсынады:

- Сақтанушыға есептелген Сақтандырушы табысының сомасы туралы;
- сақтандыру сомасы мен өтеп алынатын сома туралы;
- есепті кезеңдегі пайданы есептемеудің себептері туралы (болған жағдайда).

Хабарлама жазбаша түрде рәсімделіп, Сақтанушыға пошта байланысымен, электронды поштамен немесе байланыстың өзге де түрлерімен жіберіледі.

10. Жинақталған сомалардың ескерілуімен Сақтандырушының табысына Сақтанушының қатысуына байланысты төлемдерді жүзеге асыру келесі жағдайларда жүргізіледі:

- 1) сақтандыру төлемі құрамында сақтандыру жағдайының орын алуы;
- 2) сақтандыру төлемі құрамында сақтандыру мерзімінің аяқталуы;
- 3) өтеп алынатын сома құрамында сақтандыру шартының ерзімінен бұрын бұзылуы.

10-бап. Сақтандыру шартын жасау тәртібі

1. Сақтандыру шарты Сақтанушының Ережелерге қосылуы және сақтандыру полисінің берілуі жолымен жазбаша түрде жасалады.
2. Сақтандыру полисіне Сақтандырушының Басқарма Төрағасы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандырушының атынан сақтандыру шартына қол қоюға уәкілетті өзге тұлға – Сақтандырушының қызметкері немесе сақтандыру агенті қол қояды. Сақтандырушының атынан және оның тапсырмасы бойынша осындай әрекеттерді жасауға Сақтандырушымен уәкілетті етілмеген басқа тұлғалар қол қойған сақтандыру полистері мен олардың қосымшалары жарамсыз болып есептеледі.
3. Сақтандыру шарты Сақтанушының, Сақтандырылушының және Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжат көшірмесінің қоса тіркелуімен, Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру өтінішін Сақтандырушыға Сақтанушының беруі негізінде жасалады.
4. Сақтанушыдан сақтандыру өтінішін алғаннан кейін Сақтандырушы оның денсаулығының нақты жағдайын бағалау үшін сақтандырылатын тұлғаны (Сақтандырылушыны) медициналық тексеруден өтуге жіберуге құқылы болады.
5. Сақтандыру шартын жасау барысында Сақтанушы сақтану жағдайының ықтимал орын алуын және оның орын алуынан келетін ықтимал шығындардың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) анықтау үшін елеулі маңызы бар жағдайларды Сақтанушыға сақтандыру өтінішінде хабарлауға міндетті, егер бұл жағдайлар Сақтандырушыға белгісіз болса және белгісіз болмауы тиіс болса. Елеулі ретінде – қандай жағдай болса да, осы Ережелердегі немесе сақтандыру шартын жасау кезеңінде Сақтанушыға жіберілген Сақтандырушының жазбаша сұрауында белгілі түрде келісілген жағдайлар, соның ішінде сақтандыру өтінішінде және сауалнамада көрсетілген мәліметтер немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге жағдайлар танылады.
6. Тараптардың келісімі бойынша Сақтандырушы жүргізген андеррайтинг нәтижелері бойынша Сақтандырушы сақтандыру шартында жеке Сақтандырылушыға қатысты ерекше шарттарды қарастыруға құқылы болады, бұл туралы сақтандыру полисінде белгі жасалады.
7. Егер сақтандыру шарты Сақтандырушының қандай да бір сұрағына Сақтанушының жауабы болмаған жағдайда жасалса, Сақтандырушы кейіннен тиісті жағдайлардың Сақтанушыға хабарланбауы негізінде шартты бұзуды немесе оны жарамды деп тануды талап ете алмайды.
8. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушыға осы баптың 5-тармағында көрсетілген жағдайлар туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп деп тануды талап етуге құқылы болады.

Егер Сақтанушы жасырған жағдайлар қолданыстан шықса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

9. Сақтандыру шартымен, осы Ережелермен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда, соның ішінде сақтандыру шартымен белгіленген мерзім ішінде сақтандыру жарнасы төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Сақтандырушы қолданыстағы шартты біржақты тәртіпте бұзуға құқылы болады. Бұл ретте Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыға хабарлауға міндетті және біржолғы сақтандыру сыйлықақысы немесе алғашқы сақтандыру жарнасы төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, төленген соманы қайтаруға міндетті. Сақтандырушы сақтандыру шартын жасау барысында жұмсалған, сақтандыру сыйлықақысының (жарнасының) алынған сомасының 20% аспайтын мөлшерде өз шығындарының орнын толтыруға құқылы болады.
10. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыру өтініші, сақтандыру полисі, сондай-ақ осы Сақтандыру ережелерінде келісілген өзге құжаттар сақтандыру шартын құрайтын болады және оның ажырамас бөліктері болып табылады.

11-бап. Медициналық тексеру

1. Сақтандыру шартын жасар алдында Сақтандырушы денсаулық жағдайын бағалау мақсатында сақтандырылатын тұлғаны (Сақтандырылушыны) медициналық тексеруге жіберуге құқылы болады. Медициналық тексеру Сақтандырушы белгілеген мекемеде немесе өзге де медициналық мекемеде жүзеге асырылуы мүмкін.
2. Сақтандыру тәуекелінің арту деңгейін анықтау мақсатында, сақтандыру шарты жасалғаннан кейін, бірақ сақтандыру оқиғасы орын алғанға дейін Сақтандырушы Сақтандырылушыны медициналық тексеруге жіберуі мүмкін.
3. Сақтандыру тәуекелінің артуына апаратын жағдайлар туралы хабардаретілген Сақтандырушы шарттың талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің артуымен мөлшерлес шамада қосымша сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуді талап етуге құқылы болады. Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылушы сақтандыру шарты талаптарының өзгеруіне немесе сақтандыру сыйлықақысына (сақтандыру жарнасына) қосымша төлем жасауға қарсылық білдірсе, Сақтандырушы шартты бұзуды талап етуге құқылы болады. Бұл ретте Сақтандырушы шартты бұзудың ықтимал күніне дейін отыз күнтізбелік күн бұрын Сақтанушыға Сақтандыру шартын бұзу жайлы ескертеді және шарт осы мерзім өткенде бұзылған болып есептеледі.
4. Сақтандыру шарты жасалғанға дейін медициналық тексеруден өту сақтандырылатын тұлғаның (Сақтандырылушының) есебінен жүзеге асырылады. Сақтандыру шарты жасалған жағдайда Сақтандырылушы төлеген медициналық тексеру құнын Сақтандырушы өтеп береді. Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін, Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары төленген жағдайда, медициналық тексеру Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.
5. Сақтандырушы медициналық тексеру шығындарын – сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары төленгеннен кейін, медициналық қызметтер ақысының төленгенін растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда өтеп береді.
6. Егер медициналық тексеру – Сақтандырушы белгілеген медициналық мекемеде жүзеге асырылған болса, жұмсалған шығындарды Сақтандырушы медициналық тексеру ақысының төленгенін растайтын құжаттарда көрсетілген мөлшерде өтеп береді. Егер медициналық тексеру – Сақтандырушы белгілемеген медициналық мекемеде жүзеге асырылған болса, онда жұмсалған шығындар Сақтандырушы белгілеген медициналық

мекемедегіге ұқсас медициналық тексеру құны шегінде, бірақ нақты жұмсалған шығындардан артық емес көлемде өтеледі.

- Егер сақтандыру шарты жасалмаған болса, немесе алғашқы сақтандыру жарнасы сақтандыру шартында белгіленген мерзімде толығымен төленбеген болса, медициналық тексеру бойынша шығындарды Сақтандырушы өтеп бермейді.
- Сақтандырылушы медициналық тексерудің нәтижелерін ұсына алады, егер де оларды жүргізу мерзімі Сақтандырушының сақтандыруға арналған өтінішті алған күнінен бастап 6 айдан аспайтын болса.
- Сақтандырылатын тұлғаның (Сақтандырылушының) медициналық тексеруден өтуден бас тартуы, сондай-ақ тексеруден өтудің мүмкін еместігінің негізді себептерін Сақтандырушыға ұсынбауы – Сақтандырушының сақтандыру шартын жасаудан бас тартуына әкеледі, ал егер ол жасалған болса – Сақтандырушы сақтандыру шартын біржақты тәртіпте бұзуына және заңмен белгіленген тәртіпте Сақтандырушыны өз міндеттерінен босатуға әкеледі, бұл жайлы Сақтандырушы Сақтанушыға жазбаша түрде хабарлайды.

12-бап. Сақтандыру сомасы

- Сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімі бойынша анықталып, сақтандыру полисінде көрсетіледі.
- Бонустық сақтандыру сомасы сақтандыру полисі (Түпнұсқалық, Жаңартылған және/немесе Төленген сақтандыру полисі) бойынша сақтандыру шарттарының ескерілуімен, есептелген сақтандыру дивидендтерінің мөлшеріне қарай Сақтандырушы анықтайды.

13-бап. Сақтандыру сыйлықақысы және оны төлеу тәртібі

- Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшері сақтандыру сомасының мөлшеріне, сақтандыру мерзіміне, сақтандыру сыйлықақысын төлеу кезеңділігіне, Сақтандырылушының жынысына, жасы мен денсаулық жағдайына байланысты болады. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері сақтандыру полисінде (сақтандыру шартында) көрсетіледі. Сақтанушы сақтандыру шартына сақтандыру сомасын және сақтандыру жарналарын индекстеу туралы шартты енгізуге құқылы.
- Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартында белгіленген мерзімде мерзімді сақтандыру жарналары түрінде, Сақтанушының тағдауы бойынша бір уақытта немесе бөліп төлеумен төленеді.
- Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) қолма-қол ақшамен (тікелей Сақтандырушының кассасына) немесе қолма-қол ақшасыз төлеммен (тікелей Сақтандырушының банк шотына) төленуі мүмкін.
- Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру аннуитеттік төлемдердің басталу күніне дейін (сақтандыру шартымен белгіленген белгілі бар жасқа немесе мерзімге дейін өмір сүруіне дейін) толық көлемде төлеуге міндетті.
- Әрбір сақтандыру жарнасын Сақтанушы осындай жарна тиесілі болатын кезең басталғанға дейін төлеуге міндетті. Олай болмаған жағдайда, сақтандыру жарнасының мерзімі кешіктірілген болып есептеледі.
- Сақтанушы сақтандыру шартының талаптарына сәйкес төлеуге жататын сақтандыру жарнасын төлемеген немесе уақытылы төлемеген жағдайда, төленуі тиіс кейінгі сақтандыру жарнасын және мерзімі кешіктірілген сақтандыру жарнасын Сақтанушы сақтандыру жарнасының мерзімі кешіктірілген күннен бастап отыз күннің ішінде төлеуге міндетті болады.

7. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде Сақтанушы кейінгі кезеңдер үшін сақтандыру жарналарын аванстық төлемдермен салуға құқылы болады.
8. Сақтанушы полистің жылдығында төлеу тәртібін және сақтандыру жарналарының мөлшерін Сақтандырушының келісімі бойынша өзгертуге құқылы болады. Өзгеріс Сақтанушының қолы қойылған Сақтандыру полисі түпнұсқасының немесе оның телнұсқасының қоса тіркелуімен Сақтанушының Сақтандырушыға тиісті жазбаша өтініш беруі жолымен және Сақтандырушының Жаңартылған сақтандыру полисін беруі жолымен рәсімделуі тиіс. Бұл ретте, сақтандыру шартына сәйкес төленуі тиіс болған, төленген сақтандыру жарналары түзетуге жатпайды.
9. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасын көбейткен жағдайда Сақтандырушы сақтандыру шартына өзгерістер енгізілгенге дейін Сақтандырылушының денсаулығының нақты жағдайын анықтау және сақтандыру тәуекелінің көтерілу деңгейін білу мақсатында Сақтандырылушыны медициналық тексеруге жіберуге құқылы болады.

14-бап. Сақтандыру сомасын индекстеу

1. Сақтандыру талаптарымен сақтандыру сомасын индекстеу (өзгерту) қарастырылуы мүмкін. Мұндай шартты Сақтанушы Сақтандыру шартын жасаған жағдайда ғана тандап, сақтандыру өтінішінде бекітеді.
2. Индекстеу мөлшері Сақтандыру полисі жылдығының жылы алдындағы жылдық инфляция деңгейіне қарай анықталады.
3. Сақтандыру сомасын индекстеу (өзгерту) – Сақтандыру полисінің жылдығында, Сақтанушы сақтандыру өтінішінде тиісті шартты таңдаған кезде жүзеге асырылады. Полис бойынша сақтандыру сыйлықақысы бір уақытта төленген жағдайда, индекстеу жүзеге асырылмайды.
4. Сақтандырушы Полис жылдығының келуіне дейін Сақтанушыға өзгертілген сақтандыру жарнасының мөлшері туралы – оның жіберілуін растауға мүмкіндік беретін әдіспен жібереді.
5. Индекстелген сақтандыру сомаларының және өзгертілген сақтандыру жарналарының мөлшері хабарлама-хатта көрсетіледі. Индекстелген (өзгертілген) сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру сомасын индекстеу мөлшеріне көбейту жолымен анықталады, ал сақтандыру жарналары индекстелген сақтандыру сомасына сәйкес есептеледі.
6. Сақтандыру сомасын индекстеу – Сақтандыру шартының қосымша талаптары бойынша сақтандыру сомасына (болған жағдайда) қолданылмайды. Сақтандыру жарналарын өзгерту – сақтандыру сомасы негізгі сақтандыру сомасымен және жарналарды төлеуден босатумен байланысты сақтандыру шартының қосымша талаптарымен бірдей болатын, қосымша өтеулер бойынша төленуі тиіс сақтандыру жарналарына (болған жағдайда) қолданылады.
7. Егер Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын – сақтандыру сомасын индекстеудің ескерілуінсіз төлейтін болса, сақтандыру өтінішінде Сақтанушы таңдаған индекстеуді енгізу шарты автоматты түрде алынып тасталады. Бұл ретте, Сақтандырушы Сақтанушыға индекстеу шартының алынып тасталғаны туралы – оның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін әдіспен хабарлайды.

15-бап. Сақтандыру жарнасын төлеу мерзімін кешіктіру

1. Кезекті сақтандыру жарнасы (біріншісін қоспағанда) сақтандыру шартымен белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру жарнасын төлеу қажеттілігі туралы хабарлауға міндетті.
2. Хабарламада келесілер болуы тиіс:

- 1) сақтандыру жарнасын төлеу тиіс болатын кезең (сақтандыру сыйлықақысын/сақтандыру жарнасын кейінге қалдыру кезеңі). Бұл ретте, кейінге қалдыру кезеңі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кем бола алмайды;
- 2) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) кейінге қалдыру кезеңінде сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда, сақтандыру шартының қолданылуын біржақты тәртіпте тоқтату бойынша Сақтандырушының құқығы.
3. Сақтандыру жарнасының төлемі кешіктірілгені үшін Сақтандырушы кешіктірілген әр күн үшін, өсімақы төлеу күнінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі көлемінде өсімақы есептеуге құқылы болады.
4. Сақтандыру жарналарын төлеу қажеттілігі жайлы хабарлама Сақтанушыға хабарламаның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі.
5. Сақтанушы сақтандыру жарнасын – осындай сақтандыру жарнасы Ережелердің 13 бабының 5, 6 тармақтарына сәйкес кешіктірілген деп есептелетін күннен бастап отыз күнтізбелік күннің (сақтандыру сыйлықақысын/сақтандыру жарнасын кейінге қалдыру кезеңі) ішінде төлемеген жағдайда (бірінші сақтандыру жарнасын қоспағанда), сақтандыру шарты:
 - 1) сақтандыру полисі бойынша өтеп алынатын сома болмаған жағдайда немесе оның мөлшері 7 АЕК-тен төмен болған жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылады;
 - 2) егер кейінге қалдыру кезеңінің аяқталу күнінде өтеп алынатын соманың мөлшері, егер ол болған жағдайда, Сақтанушының кез келген берешегінің шегерілуімен 7 АЕК және одан артық болса, өзінің қолданылуын «Төленген» мәртебесімен автоматты түрде жалғастырады. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сомасын (Сақтанушының есебіне сәйкес) кемітеді, бұл жайлы Сақтандырушы Сақтанушыға жазбаша түрде хабарлайды.
6. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) кейінге қалдыру кезеңінде сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда, Сақтандырушы берешек сомасын ұстай отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
7. Сақтанушыдан себептерінің көрсетілуімен кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кейінге қалдыру туралы өтініш алған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуді кейінге қалдыруға құқылы болады. Бұл ретте, кейінге қалдыру кезең 30 (отыз) күнтізбелік күннен кем болмауы тиіс және Сақтандырушы белгілеген мерзімнен артық болмауы тиіс.
8. Сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру негіздемелері мен тәртібі Ережелердің 42 бабымен реттеледі.

16-бап. «Төленген» жағдайындағы полис

1. Ережелердің 15 бабының 5-тармағының 2) тармақшасында қарастырылған жағдайларда Сақтанушы «Төленген» жағдайындағы полистің қолданылуы басталған күннен бастап кейінгі сақтандыру жарналарын төлеу бойынша міндеттемеден босатылады.
2. Сақтандырушы Сақтанушыға полистің «Төленген» жағдайына ауысканы туралы – хабарламаның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін әдіспен хабарлауға міндетті.
3. «Төленген» мәртебесіндегі сақтандыру полисі осы Ережелердің 8-бабына сәйкес негізгі қамту бойынша азайтылған сатып алу сомасынан төмендетілген сақтандыру сомасы шегінде қолданылады. Осы Ережелердің 3-тарауында қарастырылған қосымша өтеулер азайтылған сақтандыру сомасы бар полистің қолданылу күнінен бастап өзінің қолданылуын тоқтатады.

17-бап. Өтеп алынатын сома және оны төлеу тәртібі

1. Сақтанушы сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатуға, сондай-ақ егер бар болған жағдайда – өтеп алынатын сома мен бонустық өтеп алынатын соманы алуға құқылы болады.
2. Сақтандыру шартын бұзу үшін және егер бар болған жағдайда – өтеп алынатын сома мен бонустық өтеп алынатын соманы алу үшін Сақтанушы келесілерді ұсынуы тиіс:
 - 1) бұзу себептерінің көрсетілуімен жазбаша өтініш;
 - 2) сақтандыру полисінің түпнұсқасы немесе оның телнұсқасы;
 - 3) жеке тұлғалар үшін жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, ЖСН, ал Сақтанушының заңды тұлғалары үшін БСН.
3. Сақтандыру шарты бойынша өтеп алынатын соманың мөлшері шартты қолданудың әр жылының соңына қарай анықталады және сақтандыру полисінде көрсетіледі. Жинақтық сақтандыру шартын қолданудың алғашқы жылының соңында, сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы бүкіл жинақтау кезеңі үшін бұрақытта төлеген Сақтандыру шартын қоспағанда, өтеп алынатын соманың болуы қарастырылмайды.
4. Өтеп алынатын соманың мөлшері сақтандыру полисінде көрсетіледі:
 - өтеп алынатын сома шегінде Сақтанушыға берілген қарыздар мен осындай қарыздар бойынша пайыздардың ескерілуінсіз;
 - сақтандыру дивидендтерінің ескерілуінсіз (олар бар болған жағдайда);
 - сақтандыру жылының аяқталу күні келгенге дейін, Сақтандырушыға тиесілі барлық сақтандыру жарналарының толық төленуінің ескерілуімен.
5. Сақтандырушы өтеп алынатын соманы және бонустық өтеп алынатын соманы – егер олар бар болса, осы баптың 2-тармағында көрсетілге құжаттарды алған сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде төлейді.
6. Егер бар болған жағдайда – өтеп алынатын соманы және бонустық өтеп алынатын соманы Сақтандырушы төлеу барысында мерзімінен тұрын тоқтату күні келгенге дейін төлеуге жататын, мерзімі кешіктірілген сақтандыру жарналары бойынша Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі ақша сомасын, сондай-ақ Сақтандырушының алдындағы Сақтанушының кез келген басқа берешегін ұстап қалуға құқылы болады.
7. Егер бар болған жағдайда – өтеп алынатын сомаға және бонустық өтеп алынатын сомаға салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте жүргізіледі.
8. Бонустық өтеп алынатын соманы Сақтандырушы өзінің ішкі құжаттарына және осы Ережелерге сәйкес есептеп шығарады.
9. Сақтанушының бастамасы бойынша Сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, өтеп алынатын және бонустық өтеп алынатын соманың мөлшері (бар болған жағдайда) алдыңғы толық жылдығы бойынша анықталады. Ең жақын толық жылдықтан кейінгі кезең үшін тиесілі сақтандыру жарналары, іс жүзінде төленгеніне қарамастан, есепке алынбайды.

18-бап. «Сақтандырылушының өмір сүруі» сақтандыру оқиғасы бойынша Пайда алушы

1. Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, «Сақтандырылушының өмір сүруі» сақтандыру оқиғасы бойынша Пайда алушы – Сақтанушы немесе Сақтандырылушының келісімімен сақтандыру өтіміндегі Сақтанушы белгілеген тұлға болып табылады.
2. Егер сақтандыру шартында төлем жасау кезеңінде кепілдендірілген мерзім қарастырылған болса, онда Сақтандырылушының тірі болғанына немесе өлгеніне қарамастан, Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген кепілдік мерзімі ішінде аннуитеттік төлемдер жасайды. Төлем жасау кезеңінде сақтандыру шартымен белгіленген кепілдендірілген мерзімнің ішінде Пайда алушы қайтыс болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру өтінішінде Сақтанушымен осындай жағдайға белгіленген тұлғаға кепілдендірілген мерзім

ішінде төлемдер жасауды жалғастырады. Сақтанушы сақтандыру өтінішінде мұндай тұлғаны тағайындамаған жағдайда, кепілдендірілген мерзімнің ішінде төлемдерді Сақтандырушы Сақтанушының мұрагерлеріне жүзеге асырады.

- Егер сақтандыру шартында төлем жасау кезеңінде кепілдендірілген мерзім қарастырылмаған болса, немесе қарастырылғанымен, кепілдендірілген мерзім төлем кезеңі аяқталғанға дейін біткен болса, онда әрбір мерзімді аннуитеттік төлемнің басталу күніне дейін Сақтандырылушы өмір сүрген жағдайда ғана Сақтандырушы Пайда алушыға аннуитеттік төлемдерді жасайды. Бұл ретте, төлемдер жасау кезеңінде Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда, Сақтандырушы аннуитеттік төлемдер жасауды тоқтатады және сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының міндеттемелері толық көлемде орындалған деп есептеледі.
- Төлемдер жасау кезеңінде Пайда алушыны ауыстыруға жол берілмейді. Бұл жағдай Сақтандырушы үшін төлемдер жасау кезеңінде Сақтандырылушыны ауыстырудан бас тартуға негіз болып табылады.
- Пайда алушы аннуитеттік төлемдер басталғанға дейін аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыру үшін банк деректемелерінің көрсетілуімен, Сақтандырушыға өтініш беруге міндетті.
- Егер Пайда алушы өзінің аннуитеттік төлемдер аударылатын банк шотынан ақша алуға біреуге сенімхат берсе, Пайда алушы Сақтандырушыға осындай сенімхаттың нотариалдық жолмен куәландырылған көшірмесін беруге міндетті болады.

19-бап. Сақтандырылушының қайтыс болуы сақтандыру жағдайы бойынша Пайда алушы

- Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, Пайда алушы (немесе сақтандыру төлемдері үлестерінің көрсетілуімен бірнеше Пайда алушы) Сақтандырылушының келісімімен өмірді жинақтық сақтандыру өтінішінде Сақтанушымен тағайындалады.
- Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру оқиғасы орын алғанға дейін немесе ол өз құқықтарынан бас тартқанға дейін оның құқықтары Сақтанушыға өтеді, егер де Пайда алушы ауыстырылмаған болса.
- Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушы қайтыс болған жағдайда сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін сақтандыру төлемін алу құқығын Пайда алушының мұрагерлері иемденеді.

20-бап. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі Сақтанушының (Пайда алушының) әрекеті

- Сақтандыру оқиғасын – жинақтау кезеңі аяқталғанға дейін Сақтандырылушының өмір сүруін растау үшін Пайда алушы кедесілерді ұсынуы тиіс:
 - сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы жазбаша өтініш;
 - көруге сақтандыру полисінің түпнұсқасы;
 - өтініш беру күніне нотариалды жолмен куәландырылған, Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе Сақтандырылушының жеке келуі (қажет болғанда). Осындай айғақтардың ұсынылмауы Сақтандырушыға олар ұсынылғанға дейін дейін сақтандыру төлемін жасау туралы шешімді қабылдауды кейінге қалдыру құқығын береді;
 - Пайда алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН).
- Сақтандыру оқиғасын – жинақтау кезеңінде орын алған, кез келген себеппен Сақтандырылушының қайтыс болуын растау үшін Сақтанушы немесе Пайда алушы сақтандыру оқиғасы орын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы жазбаша өтініш;
 - 2) сақтандыру полисінің түпнұсқасы немесе оның телнұсқасы;
 - 3) АХАЖ органдары берген, Сақтандырылушының қайтыс болуы туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалдық жолмен куәландырылған көшірмесі;
 - 4) Сақтандырылушының қайтыс болуы туралы дәрігерлік куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалдық жолмен куәландырылған көшірмесі (бар болса);
 - 5) қайтыс болу себептері туралы патологиялық-анатомиялық (сот-медициналық) сараптама қорытындысының түпнұсқасы немесе нотариалдық жолмен куәландырылған көшірмесі, егер осындай сараптама жүргізілсе. Егер сою жүргізілмесе - мұндай сараптаманың жүргізілмегені туралы уәкілетті органның жазбаша растауы;
 - 6) уәкілетті тұлғаның қолымен және медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған ауру тарихының немесе амбулаториялық картаның үзінді көшірмесі, егер Сақтандырылушының қайтыс болу себебі қандай да бір ауру болып табылса;
 - 7) егер Сақтандырылушының өлімі жазатайым оқиғаның нәтижесінде орын алған болса, құзыретіне жазатайым оқиғаның орын алу дерегін растау, орын алған салдарды нақтылау, сондай-ақ олардың арасындағы себептік байланысты анықтау жататын тиісті уәкілетті органның құжаты;
 - 8) Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, оның ішінде жеке тұлғалар үшін ЖСН, заңды тұлғалар үшін БСН нөмірі көрсетілген құжат;
 - 9) Пайда алушы ретінде нақты тұлға тағайындалмаған жағдайда, Сақтандырылушының мұрагерлері мұралану құқығына кіріскенін куәландыратын және сақтандыру төлемдерін алу үшін қажетті құжаттар (көшірмелері: мұрагердің мұраға қатысты құқық туралы куәлігі, жеке басын куәландыратын құжаты; ЖСН-і);
 - 10) Сақтандырушының сұрауы бойынша өзге құжаттар.
3. Егер Сақтандырылушының қайтыс болу дерегі бойынша қылмыстық процесс жүргізуші органдармен (әрі қарай - Органдар) қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қарастырылса, Сақтандырушы Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) немесе Органдардан іс қозғау туралы, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы немесе қылмыстық істі тоқтату туралы сауал жасауға құқылы болады.
- Бұл ретте, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Органдардың процессуалды шешім шығаруына дейін сақтандыру төлемдерін жасау туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы болады.
4. Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы туралы хабарламаны дереу тіркеп, алынған құжаттар тізімі мен оларды қабылдау күнінің көрсетілуімен, өтінішкерге анықтама беруге міндетті.

21-бап. «Сақтандырылушының қайтыс болуы» сақтандыру оқиғасы бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мөлшері, тәртібі және талаптары

1. Осы баптың 6 және 7 тармақтарында көрсетілгеннен өзге жағдайлардың нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болу жағдайына сақтандыруға қатысты сақтандыру оқиғасы орын алғандағы сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасын және бонустық сақтандыру сомасын (егер ол бар болса) қосу жолымен анықталады.
2. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе одан бас тарту туралы шешім Ережелердің 20 бабында қарастырылған барлық қажетті құжаттардың алынған күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешікпейтін мерзімде қабылданады.
3. Сақтандыру төлемі Сақтандырушының оң шешім қабылдаған күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жасалады.

4. Сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім Сақтанушы мен Пайда алушыға – сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесімен бірге хабарлама жіберу жолымен жазбаша хабарланады.
5. Бұл ретте, егер Сақтандырушы төлем жасаудан бас тарту туралы шешім қабалдаған болса, Сақтанушы егер болған жағдайда – өтеп алынатын сома мен бонустық өтеп алынатын соманы алуға құқылы болады.
6. Сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру оқиғасы орын алған күндегі өтеп алынатын сомаға тең болады, егер сақтандыру оқиғасы тікелей немесе жанама түрде осы Ережелердің 33 бабының 1-тармағының 1, 2, 3, 4, 9, 10, 11, 12 және 13 тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде Жинақтау кезеңінде орын алған болса.
7. Сақтандыру шартының (сақтандыру қорғанысы) үздіксіз қолданылуының алғашқы екі жылы бойында сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру оқиғасы орын алған күндегі өтеп алынатын сомаға тең болады (сақтандыру шарты бойынша ол болса), егер мұндай оқиға келесі оқиға Жинақтау кезеңінде тікелей немесе жанама түрде келесі оқиғалардың нәтижесінде орын алған болса:
 - 1) Сақтандырылушының өзіне қол жұмсауы немесе қол жұмсауға әрекет етуі;
 - 2) АИТВ-инфекциясымен ауыру.
8. Сақтандыру шартының (сақтандыру қорғанысы) үздіксіз қолданылуының алғашқы жылы бойында сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру оқиғасы орын алған күндегі өтеп алынатын сомаға (сақтандыру шарты бойынша ол бар болса) тең болады, егер мұндай оқиға тікелей немесе жанама түрде жіті және/немесе созылмалы жүрек-қан тамырлары ауруы, жүрек және/немесе қан тамырлары патологиясы, жүйелік ауру, созылмалы бүйрек жетімсіздігі, қатерлі өскін ауруы нәтижесінде орын алса, егер де шарт жасау барысында бұл аурулар туралы Сақтандырушыға белгілі болмаса немесе аурулар сақтандыру шартын жасағаннан кейін сақтандырудың бірінші жылы бойында анықталған болса.
9. Өтеп алынатын соманың мөлшері Ережелердің 17 бабына сәйкес анықталады.
10. Сақтандыру төлемі Пайда алушы көрсеткен, Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкінде ашылған банк шотына жасалады. Сақтандыру төлемін төлеу мен аудару шығындары, егер төлем немесе аударым Қазақстан Республикасы аумағында ғана жүзеге асырылса, Сақтандырушы есебінен жүзеге асырылады.
11. Егер Пайда алушы кәмелетке толмаған болса, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін – ол он сегіз жасқа жеткенге дейін кейінге қалдыруға құқылы болады, егер де егер сақтандыру шартында мұндай талап бар болса.
12. Егер тараптардың келісімі бойынша осы баптың 11-тармағында көрсетілген жағдайлар анықталмаса, онда сақтандыру төлемін алушы – кәмелетке толмаған Пайда алушының ата-анасы, асырап алушысы, қамқоршысы, қорғаншысы болып табылады.
13. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру барысында Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне дейін түзілген Сақтанушының берешегі мөлшеріндегі соманы одан ұстауға құқылы болады.

22-бап. Сақтандырылушы Сақтандыру мерзімінің аяғына дейін өмір сүрген жағдайда аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыру мөлшері, тәртібі және талаптары.

1. Сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен, немесе аннуитеттік (мерзімді) төлемдермен қолма-қол ақшасыз төлем түрімен жүзеге асырылады. Аннуитеттік төлемдерді жасау мөлшері, тәртібі және мерзімі тараптардың келісімі бойынша анықталады және Сақтанушының жазбаша өтініші негізіндегі сақтандыру полисінде көрсетіледі.

2. Төлемдердің кезеңділігі Сақтанушының қалауы бойынша - ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет, жылсайын немесе өзге тәртіпте белгіленуі мүмкін. Аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыру барысында, оларды алу үшін міндетті талап – әрбір мерзімді аннуитеттік төлемнің басталу күніне дейін Сақтандырылушының өмір сүруі болып табылады.
3. Аннуитеттік төлемдердің басталу күні орын алғаннан кейін, егер бар болған жағдайда – аннуитеттік төлемдер мен бонустық аннуитеттік төлемдердің мерзімділігі, кезеңі мен мөлшері сақтандыру полисіне жыл толғанда жылына бір реттен жиі емес немесе Пайда алушының келісімімен Тараптардың (Сақтанушы мен Сақтандырушы) келісімі бойынша анықталған басқа мерзімге өзгеруі мүмкін. Бұл ретте, Пайда алушының келісуімен Тараптардың (Сақтанушы мен Сақтандырушы) келісімі бойынша барлық болашақ (қалған) аннуитеттік төлемдердің келтірілген құнына тең біржолғы төлем алуға рұқсат етіледі және бұл жағдайда сақтандыру полисі бойынша Сақтандырушының міндеті толық көлемде орындалған болып есептеледі. Осы тармақ талабы осы баптың 4-тармағында көрсетілген жағдайларға қолданылмайды.
4. Алғашқы аннуитеттік төлемдер мен бонустық аннуитеттік төлемдер – Сақтандырушы Ережелердің 20 бабының 1-тармағында қарастырылған құжаттарды алған жағдайда, сақтандыру мерзімі біткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, ал келесі аннуитеттік төлемдер – сақтандыру полисінде көрсетілген аннуитеттік төлемнің мерзімділігіне сай жүзеге асырылады.
5. Аннуитеттік төлемдер мен бонустық аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыру, олар бар болған жағдайда, төлемдер жасау кезеңінде Сақтандырылушының қайтыс болған күнінен тоқтатылады.
Егер сақтандыру шартымен төлемдер жасау кезеңінде кепілдендірілген мерзім қарастырылса, онда аннуитеттік төлем мен бонустық аннуитеттік төлем, олар бар болған жағдайда, Сақтандырылушының тірі екеніне немесе қайтыс болғанына қарамастан, кепілдендірілген мерзім барысында жүзеге асырылады.
6. Сақтандырушы төлем жасау кезеңінде кепілдік мерзім болмаған немесе аяқталған жағдайда Сақтанушыдан немесе аннуитеттік төлемдерді алушыдан (Пайда алушыдан) Сақтандырылушының тірі екендігінің дәлелін ұсынуын талап етуге құқылы. Ондай дәлелге келесілер жатуы мүмкін:
 - 1) Сақтандырушы сұраған күнге нотариалдық жолмен куәландырылған Сақтандырылушының жеке куәлігінің көшірмесін ұсыну;
 - 2) Сақтандырушы сұраған күнге Сақтандырылушының тірі болу дерегін растайтын, нотариус берген құжат;
 - 3) Сақтандырушы көрсеткен мекенжай бойынша және мерзімде Сақтандырылушының өзінің келуі;Мұндай дәлелдердің ұсынылмауы – олар ұсынылғанға дейін Сақтандырушыға аннуитеттік төлемдерді төлеуді кешіктіруге (тоқтатуға) құқық береді. Пайда алушы Сақтандырушының бірінші сауал жасау күнінен бастап бір жылдың ішінде осы тармақта көрсетілген дәлелдерді ұсынбаған жағдайда, аталған мерзім біткеннен кейін шарт өз қолданысын тоқтатады және сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының міндеттері толық көлемде орындаған болып есептеледі.
7. Аннуитеттік төлемдер мен бонустық аннуитеттік төлемдерді жүзеге асырған жағдайда, егер олар бар болса, кепілдік мерзімінсіз немесе кепілдік мерзімі біткеннен кейін, Сақтандырылушыны заңнамамен белгіленген тәртіпте хабарсыз жоғалған деп мойындаған жағдайда, Сақтандырушы аннуитеттік төлемдер мен бонустық аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыруды тоқтатады, егер олар бар болса.
8. Аннуитеттік төлемдер мен бонустық аннуитеттік төлемдерді жүзеге асырған жағдайда, егер олар бар болса, кепілдік мерзімінсіз немесе кепілдік мерзімі біткеннен кейін,

Сақтандырылушыны заңнамамен белгіленген тәртіпте қайтыс болған деп мойындаған жағдайда, сақтандыру шарты өз қоланылуын тоқтатады және сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының міндеттері толық көлемде орындалған деп есептеледі.

9. Аннуитеттік төлемдер мен бонустық аннуитеттік төлемдерді жүзеге асырған жағдайда, егер олар бар болса, кепілдік мерзімінсіз немесе кепілдік мерзімі біткеннен кейін, аннуитеттік төлемдерді Сақтандырылушы қайтыс болғаннан кейін Сақтандырушы жасайды, артық төленген ақша сомасын – оны алған тұлға Сақтандырушыға қайтаруға тиіс болады. Осы тармақта көрсетілген соманы қайтармау немесе ішінара қайтару оларды сот тәртібінде талап етуге негіз болып табылады.
10. Аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыру барысында Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша, Пайда алушыға ол жайлы хабарлай отырып, кез келген берешек мөлшеріндегі соманы одан ұстап қалуға құқылы болады.
11. Аннуитеттік төлемдерге салық салу Қазақстан Республикасының Заңнамасымен қарастырылған тәртіпте жүргізіледі.
12. Пайда алушы Сақтандырушыға жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсныуға міндетті.

23-бап. «Сақтандырылушы қайтыс болған» сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан Сақтандырушыны босатудың негіздемелері

1. Сақтандырушы келесі жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы болады:
 - 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру оқиғасы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді, сонлай-ақ Ереженің 10 бабының 5-тармағына сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс өзге де жалған мәліметтерді хабарлауы (растайтын құжаттар бар болса);
 - 2) сақтандыру оқиғасы орын алу жағдайларын тергеуге Сақтандырушыға Сақтанушының кедергі жасауы (растайтын құжаттар бар болса);
 - 3) сақтандыру оқиғасы туралы – ол орын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарланбауы, бірақ сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы Сақтандырушының уақытылы білгені немесе Сақтандырушыда осы туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жасау міндетіне әсерін тигізе алмағаны дәлелденбеген жағдайды қоспағанда;
 - 4) осы Ережелердің 20 бабында белгіленген тәртіпте және мерзімде Сақтандырушыға мәлімделген оқиға бойынша шешім қабылдауы үшін қажетті құжаттарды ұсынбау.

24-бап. Негізгі өтеу бойынша сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуын оқтату

1. Негізгі өтеу бойынша сақтандыру шартының қолданылуы келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады:
 - 1) сақтандыру сыйлықақылары қайтарылған немесе Сақтандырушы Сақтанушыға өтеп алынатын сома төлемін жасаған жағдайда ;
 - 2) сақтандыру шартының талаптары бойынша тиісті болатын сақтандыру жарналарын төлемеу немесе толық көлемде төлемеу;
 - 3) сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) тоқтатуға немесе бұзуға, немесе оны жарамсыз деп тануға әкелетін, сақтандыру ережелерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге жағдайларда.
2. Осы баптың 1-тармағында қарастырылған негіздерден басқа, жинақтау кезеңінде орын алған Сақтандырылушының кез келген себеп бойынша қайтыс болу жағдайына сақтандыруға

қатысты сақтандыру шартының қолданылуы – жинақтау кезеңі аяқталған сәттен бастап тоқтайды.

3. Осы баптың 1-тармағында қарастырылған негіздерден басқа, Сақтандырылушының сақтандыру оқиғасына дейін өмір сүруі жағдайына қатысты сақтандыру шартының қолданылуы келесі сәттен бастап тоқтатылады:

- 1) жинақтау кезеңінде орын алған Сақтандырылушының қайтыс болуы және Сақтандырушының орын алған сақтандыру оқиғасы бойынша сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асыруы;
- 2) сақтандыру шартындағы кепілдік мерзімі болмаған немесе аяқталған жағдайда, Сақтандырылушының төлем жасау кезеңінде кезде қайтыс болуы;
- 3) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің бітуі және сақтандыру төлемін Сақтандырушының толық көлемде жүзеге асыруы.

3-тарау. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫ БОЙЫНША ҚОСЫМША ӨТЕУ

25-бап. Қосымша өтеуі бар сақтандыру шартын жасау ерекшелігі

1. Сақтандыру шартын жасау барысында, Ережелердің 2-тарауында қарастырылған сақтандырудың негізгі талаптарынан басқа, тараптар осы Тараудың қағидаларына сәйкес қосымша сақтандыру өтеуінің шарттарын қарастыруы мүмкін.
2. Қосымша сақтандыру өтеулері елесілер болып табылады:
 - 1) Сақтандырылушының жинақтау кезеңінде жазатайым оқиға нәтижесінде қайтыс болуы жағдайында қосымша сақтандыру сомасын төлеу;
 - 2) Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік берумен, жинақтау кезеңінде жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілеттілігін жоғалтуы жағдайында (әрі қарай мәтін бойынша - жазатайым оқиға нәтижесінде еңбек ету қабілеттілігін жоғалту) сақтандыру жарналарын төлеуден босату;
 - 3) Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік берумен, жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілеттілігін жоғалту жағдайында біржолғы сақтандыру төлемін төлеу:
 - бірінші топтағы мүгедектік берген жағдайда сақтандыру сомасы 100%;
 - екінші топтағы мүгедектік берген жағдайда сақтандыру сомасы 80%.
 - 4) жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының жарақат алуы жағдайында дене жарақаттары жөніндегі Төлем кестесіне сәйкес төлемдер (осы Ережелердің 1-қосымшасы);
 - 5) дене жарақаттарына қарай Төлем кестесіне сәйкес төлемдерімен, жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиға нәтижесінде жарақат алу жағдайындағы Қосымша Сақтандырылушыны сақтандыру (осы Ережелердің 1-қосымшасы);
 - 6) жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбек ету қабілеттілігін жоғалту жағдайындағы сақтандыру;
 - 7) жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушыны ауруханаға жатқызу жағдайындағы сақтандыру;
 - 8) жинақтау кезеңінде диагностикаланған Сақтандырылушының ауыр науқастануы жағдайына сақтандыру.
3. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушы еңбек ету қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда сақтандыру жарналарын төлеуден босату бойынша және жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушы еңбек ету қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда біржолғы сақтандыру төлемі бойынша қосымша өтеу Сақтандыру полисіне бір мезгілде енгізіле алмайды. Басқа

жағдайларда Сақтанушы жоғарыда аталған қосымша сақтандыру өтеулерінің арасынан кез келген амалды таңдауға құқылы.

4. Сұралатын қосымша сақтандыру өтеуі туралы Сақтанушы сақтандыру шартын жасау барысында Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша сақтандыру өтінішіне белгі жасауы қажет. Сақтандырушы қосымша өтеуге қатысты сақтандыру шартын жасауға келіскен жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға тиісті мәліметтердің көрсетілуімен полис береді.
5. Осы Тарауға сәйкес қосымша өтеулер жөніндегі талаптар – егер сақтандыру полисінде сақтандыру шарты сақтандырудың қосымша талаптарын қамтитыны нақты қарастырылған болса, сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) толық көлемде төлеген жағдайында қолданылады.

26-бап. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда қосымша сақтандыру сомасын төлеу

1. Сақтандырылушының қайтыс болуына әкелген, жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиғадан сақтану талаптары бойынша сақтандыру оқиғасы (сақтандыру тәуекелі) – жазатайым оқиға орын алған сәттен бастап алты ай ішінде жазатайым оқиға себебінен орын алған Сақтандырылушының өлімі табылады.
2. Егер сақтандыру шартымен жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы қосымша сақтандыру өтеуі ретінде қарастырылса, осы сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 100% мөлшерінде Пайда алушыға қосымша сақтандыру төлемін жасауға міндетті.
3. Осы баптың 1-тармағында қарастырылған сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайдағы сақтандыру төлемі сақтандыру мерзімі бойында орын алған кез келген себептен Сақтандырылушының қайтыс болу жағдайындағы сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру төлеміне қосымша жасалады, егер Сақтандырылушының өлімі Ережелердің 33 бабында көрсетілген талаптардың ескерілуімен, жазатайым оқиға нәтижесінде орын алса.
4. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, сақтандыру оқиғасы орын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушы немесе Пайда алушы Ережелердің 20 бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген құжаттарды Сақтандырушыға ұсынуы тиіс.
5. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы Ережелердің 20 және 21 бабтарында көрсетілген жағдайларда, тәртіпте және мерзімде жасайды.

27-бап. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда сақтандыру жарналарын төлеуден босату

1. Сақтандырылушының мүгедектігіне әкеліп соқтырған жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалту жағдайына сақтандыру жарналарын төлеуден босату болып табылатын сақтандыру шартының қосымша талабы бойынша сақтандыру оқиғасы (сақтандыру тәуекелі) – жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиға нәтижесінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік берумен Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалтуы болып табылады. Бұл ретте, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік жазатайым оқиға орын алғаннан кейін он екі айдан кешіктірмей Сақтандырылушыға белгіленген болуы тиіс. Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін қабылданған мүгедектікке анықтау жүргізетін заңнамаға енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар аталған сақтандыру шарты аясында Сақтандырушының жауапкершілігін арттыруға әкелмейді, егер де тараптардың келісімі бойынша өзге жағдай қарастырылмаған болса.

2. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда сақтандыру шарты негізгі сақтандыру өтеуі бойынша қолданылуын жалғастырады және сақтандыру полисінде көрсетілген басқа қосымша сақтандыру өтеулері бойынша қолданылуын тоқтатады, ал Сақтанушы мүгедектік берілген күннен бастап, мүгедектік белгілеу мерзімі аяқталғанға дейін (бірақ сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру мерзімінен артық емес) кейінгі сақтандыру жарналарын төлеу міндетінен босатылады.
3. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, сақтандыру оқиғасы орын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:
 - 1) сақтандыру оқиғасының орын алуы жайлы жазбаша өтініш;
 - 2) сақтандыру полисінің көшірмесі немесе көруге сақтандыру полисінің түпнұсқасымен бірге оның телнұсқасы;
 - 3) Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгілеу туралы уәкілетті орган берген құжатының түпнұсқасы немесе осындай құжаттың нотариалдық жолмен куәландырылған көшірмесі;
 - 4) Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі, Сақтандырушының сұрауы бойынша осы құжаттың нотариалдық жолмен куәландырылған көшірмесі;
 - 5) құзырына жазатайым оқиғаның орын алу дерегін растау, орын алған салдарды нақтылау, сондай-ақ олардың арасындағы себептік байланысты анықтау жататын тиісті уәкілетті органның құжаты;
 - 6) рентгенологиялық түсірілім (болған жағдайда) немесе диагнозды растайтын өзге де тексерулердің нәтижелері;
 - 7) Сақтандырушының сұрауы бойынша өзге де құжаттар.
4. Егер жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалту дерегі бойынша Органдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселесін қарастырса, Сақтандырушы Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) немесе Органдардан қылмыстық істі қозғау туралы, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы немесе қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұрауға құқылы болады.
5. Егер жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілеттілігін жоғалту бойынша қылмыстық іс қозғалса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес Органдар процессуалдық шешім шығарғанға дейін, мәлімделген оқиға бойынша шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы болады. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлеуді жалғастыруға міндетті.
6. Ережелердің 33 бабының 1 және 2 тармақтарымен қарастырылған негіздемелер бойынша және жағдайлардың салдарынан еңбек ету қабілеттілігін жоғалту орын алған жағдайда, Сақтандырушы оқиғаны сақтандыру оқиғасы ретінде мойындамауға құқылы болады және Сақтанушы сақтандыру жарналарын төлеуден босатылмайды.
7. Сақтандыру шартында қосымша сақтандыру өтеу талаптары бар болған жағдайда және жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалтуы түріндегі сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, Сақтандырушы келесіге құқығы болады:
 - 1) Сақтандырылушыға мүгедектік берілуімен оның еңбек ету қабілетінен дайрылғандығын белгілеу (Сақтандырылушының мүгедектігін қайта куәландыру) туралы анықтаманы Сақтанушыдан / Сақтандырылушыдан кез келген уақытта талап ету;
 - 2) жылына бір реттен жиі емес дүркіндікпен Сақтандырылушыны өз есебінен (көліктік шығындарды қоспағанда) Сақтандырушы белгілеген дәрігерлердің қосымша медициналық тексеруінен өтуге жіберу;
 - 3) медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы қызметкерлерінің негізсіз қорытындыларына және/немесе мемлекеттік уәкілетті органдар қызметкерлерінің

мүгедектік туралы құжатты заңсыз беруіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте шағымдану.

8. Мүгедектік белгіленген Сақтандырылушының келесі міндеттері бар:

- 1) Сақтандырушыға немесе дәрігерлерге, медициналық мекемелер мен өзге тұлғаларға қажетті құжаттарды (анықтамаларды, қорытындыларды, ауру тарихының, медициналық карталардың үзінді көшірмелерін, зертханалық-аспаптық зерттеулердің қорытындыларын) – сақтандыру оқиғасының орын алу жағдайларын тергеу үшін Сақтандырушының сұрауы бойынша оған беру туралы жазбаша келісім беру;
- 2) тексеруші және емдеуші дәрігердің нұсқауларын орындау;
- 3) Сақтандырылушы қайта куәландырудан өткеннен кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, Сақтандырылушыға мүгедектік берумен (Сақтандырылушының мүгедектігін қайта куәландырумен) оның еңбек ету қабілетінен айрылуын белгілеу туралы анықтаманы Сақтандырушыға беру;
- 4) Сақтандырушының талабы бойынша жылына бір реттен жиі емес дүркіндікпен Сақтандырушы белгілеген медициналық мекемеде Сақтандырушының есебінен (көліктік шығындарды есепке алмағанда) медициналық тексеруден өту.

28-бап. Сақтандырылушының жазатайым оқиға нәтижесінде еңбек ету қабілетінен айрылу жағдайындағы біржолғы сақтандыру төлемі

1. Сақтандырылушының мүгедектігіне себеп болған жазатайым жағдайға қатысты сақтандыру шартының қосымша талаптары бойынша сақтандыру оқиғасы (сақтандыру тәуекелі) – жинақтау кезеңінде болған жазатайым оқиға нәтижесінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті берумен Сақтандырылушының еңбек ету қабілетінен айрылуы болып табылады. Бұл ретте, Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік – жазатайым оқиға орын алғаннан кейін он екі айдан кешіктірмей белгіленуі тиіс. Сақтандыру шартын жасағаннан кейін қабылданған, мүгедектікке анықтау жүргізетін заңнамаларға енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар аталған сақтандыру шарты аясында Сақтандырушының жауапкершілігін арттыруға жол бермейді, егер де тараптардың келісімі бойынша өзге жағдай қарастырылмаса.
2. Егер сақтандыру шартымен Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік берумен жазатайым оқиға нәтижесінде оның еңбек ету қабілетін жоғалтуы қосымша сақтандыру өтеуі ретінде қарастырылса, осы сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтандырушы Пайда алушыға төмендегі мөлшерде төлем жасауға міндетті болады:
 - бірінші топтағы мүгедектік берілген жағдайда, сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасы 100%;
 - екінші топтағы мүгедектік берілген жағдайда, сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасы 80%.
3. Сақтандыру оқиғасы орын алып, оң шешім қабылданған жағдайда, Сақтандырылушы осы баптың 2-тармағымен қарастырылған сақтандыру төлемінен басқа, Сақтанушыға өтеп алынатын соманы және бонустық өтеп алынатын соманы төлеуді жүзеге асырады, егер олар бар болса. Бұл ретте, сақтандыру шарты сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданған күннен бастап барлық өтеулер бойынша өз қолданылуын тоқтатады.
4. Сақтандыру төлемі осы баптың 1-тармағында қарастырылған сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Ережелердің 33 бабында көрсетілген талаптардың ескерілуімен жүзеге асырылады.
5. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, сақтандыру оқиғасы орын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушы Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:
 - 1) сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы жазбаша өтініш;

- 2) сақтандыру полисінің көшірмесі немесе көруге сақтандыру полисінің түпнұсқасымен бірге оның телнұсқасы;
 - 3) Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедекті белгілеу туралы уәкілетті орган берген құжаттың түпнұсқасы немесе осындай құжаттың нотариалдық жолмен куәландырылған көшірмесі;
 - 4) Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі, Сақтандырушының сұрауы бойынша осы құжаттың нотариалдық жолмен куәландырылған көшірмесі;
 - 5) құзырына жазатайым оқиғаның орын алу дерегін растау, орын алған салдарды нақтылау, сондай-ақ олардың арасындағы себептік байланысты анықтау жататын тиісті уәкілетті органның құжаты;
 - 6) рентгенологиялық түсірілім (болған жағдайда) немесе диагнозды растайтын өзге де тексерулердің нәтижелері;
 - 7) Сақтандырушының сұранысы бойынша өзге де құжаттар.
6. Егер жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалту дерегі бойынша Органдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырса, Сақтандырушы Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) немесе Органдардан қылмыстық істі қозғау туралы, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы немесе қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы көшірмесін сұрауға құқылы болады.
7. Егер жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілеттілігін жоғалту бойынша қылмыстық іс қозғалса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес Органдар процессуалдық шешім шығарғанға дейін, мәлімделген оқиға бойынша шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы болады. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлеуді жалғастыруға міндетті.
8. Ережелердің 33 бабының 1 және 2 тармақтарымен қарастырылған негіздемелер бойынша және жағдайлардың салдарынан еңбек ету қабілеттілігін жоғалту орын алған жағдайда, Сақтандырушы оқиғаны сақтандыру оқиғасы ретінде мойындамауға құқылы болады және Сақтанушы сақтандыру жарналарын төлеуден босатылмайды.
9. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Пайда алушы – Сақтандырылушы болып табылады, егер тараптардың келісімімен өзге жағдайлар қарастырылмаған болса.

29-бап. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының жарақат алу жағдайында дене жарақаты бойынша Төлемдер кестесіне (осы Ережелердің 1-қосымшасы) сәйкес төлемдер

1. Жазатайым жағдай нәтижесінде Сақтандырылушының жарақат алуы түрінде сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, сақтандыру төлемі дене жарақаттары бойынша Төлемдер кестесіне (осы Ережелердің 1-қосымшасы) сәйкес жүзеге асырылады.
2. Сақтандырушы осы Ережелердің 32 бабының 1-тармағында қарастырылған жағдайлардың салдарынан, сондай-ақ қатар осы Ережелердің 32 бабының 2-тармағына сәйкес негіздемелер бойынша жазатайым оқиға орын алған жағдайда сақтандыру төлемдерінен босатылады.
3. Сақтандыру төлемі – Сақтандырылушымен бір жазатайым оқиғаның нәтижесінде орын алған және «Дене жарақаттары бойынша төлемдер кестесінің» бір бөлімінде келісілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемінің ең көп мөлшері бар жарақатты қарастыратын тармаққа сәйкес жүргізіледі.
4. Сақтандыру төлемі – Сақтандырылушымен бір жазатайым оқиғаның нәтижесінде орын алған және «Дене жарақаттары бойынша төлемдер кестесінің» бір бөлімінде келісілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, әр дене жарақаты бойынша бөлек жүзеге асырылады, бірақ

сақтандыру төлемдерінің сомасы Сақтандырылушыға аталған қосымша төлеу бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінен аса алмайды.

5. Сақтандыру төлемі – Сақтандырылушымен бір жазатайым оқиғаның нәтижесінде орын алған және «Дене жарақаттары бойынша төлемдер кестесінің» бір бөлімінде келісілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемі – дене жарақаттарының мөлшеріне қарамастан, аталған тармаққа сәйкес анықталған мөлшерде жасалады.
6. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы өтінішпен бірге бір уақытта келесілер ұсынылады:
 - 1) сақтандыру полисінің көшірмесі немесе көруге сақтандыру полисінің түпнұсқасымен бірге оның телнұсқасы;
 - 2) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы мекеменің мөрімен куәландырылған жазатайым оқиғаның орын алу дерегін растайтын құжаттар (медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған травматологиялық қосын анықтамасы және оның көшірмесі және медициналық картаның (ауру тарихы) көшірмесі); рентген түсірілімі немесе диагнозды растайтын өзге де тексеру нәтижелері;
 - 3) Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері, ЖСНі;
 - 4) Сақтандырушының сауалы бойынша өзге құжаттар.
7. Сақтандыру төлемін жасау немесе оны жасаудан бас тарту туралы шешім осы баптың 6-тармағында қарастырылған барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешікпей қабылданады.
8. Сақтандырушы сақтандыру төлемін – Сақтандырушы оң шешім қабылдаған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкінде ашылған банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен жүзеге асырады.
9. Оң шешім қабылданған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру полисінде белгіленген осы қосымша өтеу бойынша сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жасайды. Сақтандырушы сақтандыру төлемін – Сақтандырушы оң шешім қабылдаған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкінде ашылған банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен жүзеге асырады.
10. Осы сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда, сақтандыру шарты сақтандыру полисінде көрсетілген басқа сақтандыру өтеулері бойынша қолданылуын жалғастырады.
11. Сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін осы өтеу бойынша сақтандыру шартының қолданылуы – жасалған төлем мен осы өтеу бойынша сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру сомасының мөлшері арасындағы айырмашылық шегінде жалғасады.
12. Қосымша сақтандырылушының дене жарақатын алуына себепші болған жазатайым оқиғадан сақтануға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Қосымша сақтандырылушыға дене жарақатын алуға себеп болған жазатайым оқиғадан сақтану бойынша бұрын жасалған сақтандыру төлемінің (жасалған сақтандыру төлемдерінің) сомасына сақтандырудың белгілі жылы бойында (бірінші, одан кейінгі) автоматты түрде азайтылуы тиіс болады. Сақтандыру сомасын азайту – жазатайым оқиғаның күнінде жүргізіледі. Сақтандыру сомасының мөлшері – кезекті сақтандыру жарнасын төленген жағдайда, сақтандырудың келесі жылының басталу күнінде толық көлемде қалпына келтіруге жатады.
13. Пайда алушы – Сақтандырылушы болып табылады, егер де тараптардың келісімімен өзге жағдайлар қарастырылмаса.

30-бап. Дене жарақаттары бойынша Төлемдер кестесіне сәйкес төлемдерімен жазатайым оқиға нәтижесінде жарақат алған жағдайға Қосымша сақтандырылушыны сақтандыру (осы Ережелердің 1-Қосымшасы)

1. «Дене жарақаттары бойынша Төлемдер кестесіне сәйкес төлемдерімен, жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиға нәтижесінде жарақат алған жағдайға Қосымша сақтандырылушыны сақтандыру (осы Ережелердің 1-Қосымшасы)» қосымша өтеуі бойынша Сақтандырылушы тұлға сақтандыру өтінішінде Сақтанушымен көрсетіледі.
2. Жазатайым оқиға нәтижесінде Қосымша сақтандырылушының жарақат алуы түріндегі сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, сақтандыру төлемі Дене жарақаттары бойынша Төлемдер кестесіне (осы Ережелердің 1-Қосымшасы) сәйкес жүзеге асырылады.
3. Сақтандырушы осы Ережелердің 32 бабының 1-тармағында қарастырылған жағдайлардың салдарынан, сондай-ақ қатар осы Ережелердің 32 бабының 2-тармағына сәйкес негіздемелер бойынша жазатайым оқиға орын алған жағдайда сақтандыру төлемдерінен босатылады.
4. Сақтандыру төлемі – Қосымша сақтандырылушымен бір жазатайым оқиғаның нәтижесінде орын алған және «Дене жарақаттары бойынша төлемдер кестесінің» бір бөлімінде келісілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемінің ең көп мөлшері бар жарақатты қарастыратын тармаққа сәйкес жүргізіледі.
5. Сақтандыру төлемі – Қосымша сақтандырылушымен бір жазатайым оқиғаның нәтижесінде орын алған және «Дене жарақаттары бойынша төлемдер кестесінің» әртүрлі бөлімдерінде келісілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, әр дене жарақаты бойынша бөлек жүзеге асырылады, бірақ сақтандыру төлемдерінің сомасы Қосымша сақтандырылушыға аталған қосымша төлеу бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінен аса алмайды.
6. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының орын алуы жайлы өтінішпен бір мезгілде келесілер беріледі:
 - 1) сақтандыру полисінің көшірмесі немесе көруге сақтандыру полисінің түпнұсқасымен бірге оның телнұсқасы;
 - 2) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы мекеменің мөрімен куәландырылған жазатайым оқиғаның орын алу дерегін растайтын құжаттар (медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған травматологиялық қосын анықтамасы және оның көшірмесі және медициналық картаның (ауру тарихы) көшірмесі); рентген түсірілімі немесе диагнозды растайтын өзге де тексеру нәтижелері;
 - 3) Қосымша сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері, ЖСН;
 - 4) Сақтандырушының сауалы бойынша өзге құжаттар.
7. Сақтандыру төлемін жасау немесе оны жасаудан бас тарту туралы шешім осы баптың 6-тармағында қарастырылған барлық қажетті құжаттар алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешікпей қабылданады.
8. Сақтандырушы сақтандыру төлемін – Сақтандырушы оң шешім қабылдаған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкінде ашылған банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен жүзеге асырады.
9. Оң шешім қабылдаған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру полисінде белгіленген осы қосымша өтеу бойынша сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жасайды.
10. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда сақтандыру шарты өз қолданылуын сақтандыру полисінде көрсетілген қалған сақтандыру өтеуі бойынша жалғастырады.
11. Сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін осы өтеу бойынша сақтандыру шартының қолданылуы – жасалған төлем мен осы өтеу бойынша сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру сомасының мөлшері арасындағы айырмашылық шегінде жалғасады.
12. Қосымша сақтандырылушының дене жарақатын алуына себепші болған жазатайым оқиғадан сақтануға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Қосымша сақтандырылушыға дене жарақатын алуға себеп болған жазатайым оқиғадан сақтану бойынша бұрын жасалған

сақтандыру төлемінің (жасалған сақтандыру төлемдерінің) сомасына сақтандырудың белгілі жылы бойында (бірінші, одан кейінгі) автоматты түрде азайтылуы тиіс болады. Сақтандыру сомасын азайту – жазатайым оқиғаның күнінде жүргізіледі. Сақтандыру сомасының мөлшері – кезекті сақтандыру жарнасын төленген жағдайда, сақтандырудың келесі жылының басталу күнінде толық көлемде қалпына келтіруге жатады.

13. Пайда алушы – Қосымша сақтандырылушы болып табылады, егер де тараптардың келісімімен өзге жағдайлар қарастырылмаса.

31-бап. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтқан жағдайға сақтандыру

1. Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуына себепші болған жазатайым оқиғаға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру оқиғасы (сақтандыру тәуекелі) жинақтау кезеңінде болған жазатайым оқиға болып табылады. Сақтандыру шартын жасағаннан кейін қабылданған еңбек ету қабілетін жоғалтуға анықтау жүргізетін заңнамаларға енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар аталған сақтандыру шарты аясында Сақтандырушының жауапкершілігін арттыруға жол бермейді, егер де талаптардың келісімі бойынша өзге жағдайлар қарастырылмаса.
2. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Пайда алушы – Сақтандырылушы болып табылады, егер тараптардың келісімімен өзге жағдайлар қарастырылмаса.
3. Егер сақтандыру шартымен жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуы қосымша сақтандыру өтеуі ретінде қарастырылса, осы сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтандырушы Сақтандырылушыға еңбекке жарамсыздық белгілеген күннен бастап жетінші күннен бастап еңбек етуге жарамсыздықты әр күнтізбелік күн үшін сақтандыру шартымен белгіленген осы қосымша өтеу бойынша сақтандыру сомасының 0,2% мөлшерінде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жасауға міндетті. Бір жазатайым оқиғаның орын алуы нәтижесіндегі еңбек етуге уақытша жарамсыздық бойынша сақтандыру төлемі күнінің максималды саны 60 (алпыс) күнтізбелік күнді құрайды.
4. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, сақтандыру полисінде көрсетілген қалған сақтандыру өтеулері бойынша сақтандыру шарты өз қолданылуын жалғастырады.
5. Сақтандыру төлемі – осы баптың 1-тармағында қарастырылған сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, Ережелердің 33-бабында көрсетілген талаптардың ескерілуімен жүзеге асырылады.
6. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы өтінішпен бірге бір уақытта келесілер ұсынылады:
 - 1) сақтандыру полисінің көшірмесі немесе көруге сақтандыру полисінің түпнұсқасымен бірге оның телнұсқасы;
 - 2) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы мекеменің мөрімен куәландырылған жазатайым оқиғаның орын алу дерегін растайтын құжаттар (медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған травматологиялық қосын анықтамасы және оның көшірмесі және медициналық картаның (ауру тарихы) көшірмесі); рентген түсірілімі немесе диагнозды растайтын өзге де тексеру нәтижелері; Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда - өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт немесе уәкілетті тұлғаның қолымен және ұйым мөрімен куәландырылған сол актінің көшірмесі, еңбекке жарамсыздық туралы құжат);
 - 3) танысуға уақытша жұмысқа жарамсыздық парағының (жұмысқа уақытша жарамсыздық анықтамасы) түпнұсқасы немесе куәландырылған көшірмесі;

- 4) Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері, ЖСНі;
- 5) Сақтандырылушының сауалы бойынша өзге құжаттар.
7. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе одан бас тарту туралы шешім осы баптың 6-тармағында қарастырылған барлық қажетті құжаттардың алынған күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешікпейтін мерзімде қабылданады.
8. Сақтандырушы сақтандыру төлемін – Сақтандырушы оң шешім қабылдаған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкінде ашылған банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен жүзеге асырады.
9. Оң шешім қабылдаған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру полисінде белгіленген осы қосымша өтеу бойынша сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жасайды.
10. Ережелердің 33 бабының 1 және 2 тармақтарымен қарастырылған негіздемелер бойынша және жағдайлардың салдарынан сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
11. Сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін өтеу бойынша сақтандыру шартының қолданылуы – жасалған төлем мен осы өтеу бойынша сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру сомасының мөлшері арасындағы айырмашылық шегінде жалғасады.
12. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуына себепші болған жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуына себепші болған жазатайым оқиғадан сақтандыру бойынша бұрын жасалған сақтандыру төлемінің сомасына (жасалған сақтандыру төлемдері) сақтандырудың белгілі жылы бойында (бірінші, одан кейінгі) автоматты түрде азаюға жатады. Сақтандыру сомасын азайту – жазатайым оқиға күнінде жүргізіледі. Сақтандыру сомасының мөлшері – кезекті сақтандыру жарнасы төленген жағдайда, сақтандырудың келесі жылының басына толық көлемде қалпына келтіруге жатады.

32-бап. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушыны ауруханаға жатқызу жағдайындағы сақтандыру

1. Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуына әкелген жазатайым оқиғаға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру оқиғасы (сақтандыру тәуекелі) жинақтау кезеңінде болған жазатайым оқиғаның нәтижесінде Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуы болып табылады.
2. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Пайда алушы – Сақтандырылушы болып табылады, егер тараптардың келісімімен өзге жағдайлар қарастырылмаса.
3. Егер сақтандыру шартымен жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуы қосымша сақтандыру өтеуі ретінде қарастырылса, осы сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтандырушы жетінші күннен бастап, ауруханаға жатқызылған әр күнтізбелік күн үшін сақтандыру шартымен белгіленген осы қосымша өтеу бойынша сақтандыру сомасының 0,2% мөлшерінде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жасауға міндетті. Бір жазатайым оқиғаның орын алуы нәтижесіндегі ауруханаға жатқызу бойынша сақтандыру төлемі күнінің максималды саны 60 (алпыс) күнтізбелік күнді құрайды.
4. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, сақтандыру полисінде көрсетілген қалған сақтандыру өтеулері бойынша сақтандыру шарты өз қолданылуын жалғастырады.
5. Сақтандыру төлемі – осы баптың 1-тармағында қарастырылған сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, Ережелердің 33-бабында көрсетілген талаптардың ескерілуімен жүзеге асырылады.

6. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы өтінішпен бірге бір уақытта келесілер ұсынылады:
 - 1) сақтандыру полисінің көшірмесі немесе көруге сақтандыру полисінің түпнұсқасымен бірге оның телнұсқасы;
 - 2) медициналық мекеме берген және дәрігердің қолымен және осы мекеменің мөрімен куәландырылған жазатайым оқиғаның орын алу дерегін растайтын құжаттар (медициналық мекеменің мөрімен куәландырылған травматологиялық қосын анықтамасы және оның көшірмесі және медициналық картаның (ауру тарихы) көшірмесі); рентген түсірілімі немесе диагнозды растайтын өзге де тексеру нәтижелері; Сақтандырылушы өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда - өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт немесе уәкілетті тұлғаның қолымен және ұйым мөрімен куәландырылған сол актінің көшірмесі, еңбекке жарамсыздық туралы құжат);
 - 3) танысып шығу үшін стационарлық науқастың ауыру тарихынан және уақытша еңбекке жарамсыздық парағының (уақытша еңбекке жарамсыздық анықтамасы) түпнұсқасы немесе куәландырылған көшірмесі;
 - 4) Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері, ЖСНі;
 - 5) Сақтандырушының сауалы бойынша өзге құжаттар.
7. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру немесе одан бас тарту туралы шешім осы баптың 6-тармағында қарастырылған барлық қажетті құжаттардың алынған күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешікпейтін мерзімде қабылданады.
8. Сақтандырушы сақтандыру төлемін – Сақтандырушы оң шешім қабылдаған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банкінде ашылған банктік шотына қолма-қол ақшасыз төлеммен жүзеге асырады.
9. Ережелердің 33 бабының 1 және 2 тармақтарымен қарастырылған негіздемелер бойынша және жағдайлардың салдарынан сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
10. Сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін өтеу бойынша сақтандыру шартының қолданылуы – жасалған төлем мен осы өтеу бойынша сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру сомасының мөлшері арасындағы айырмашылық шегінде жалғасады.
11. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуына себепші болған жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Сақтандырылушының ауруханаға жатқызылуына себепші болған жазатайым оқиғадан сақтандыру бойынша бұрын жасалған сақтандыру төлемінің сомасына (жасалған сақтандыру төлемдері) сақтандырудың белгілі жылы бойында (бірінші, одан кейінгі) автоматты түрде азаюға жатады. Сақтандыру сомасын азайту – жазатайым оқиға күнінде жүргізіледі. Сақтандыру сомасының мөлшері – кезекті сақтандыру жарнасы төленген жағдайда, сақтандырудың келесі жылының басына толық көлемде қалпына келтіруге жатады.

33-бап. Сақтандырушыны жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру төлемдерін жасаудан босату негіздері

1. Осы Ережелерде көрсетілген сақтандыру төлемдерін жасаудан босатудың өзге негіздерінен басқа Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасамайды, егер сақтандыру оқиғасы төмендегілердің нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде орын алса:
 - 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымдаудың әсері;
 - 2) соғыс қимылдары;
 - 3) азаматтық соғыс, халық толқулары, әртүрлі жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;

- 4) Сақтандырылушының есірткі заттарын немесе психотроптық заттарды қабылдауы, медициналық мекеменің білікті дәрігері жазып берген дәрілерді қабылдауды есепке алмағанда (медициналық куәландыру/ сараптама жүргізген мекемелердің қорытындылары болған жағдайда);
 - 5) кез келген ауру немесе жарық (растайтын құжаттар бар болған жағдайда);
 - 6) кесіп алу немесе жарақаттану кезінде пайда болған індеттерді қоса алғанда, бактериялық індет, сонымен қатар кез келген ауру немесе жарық (растайтын құжаттар бар болған жағдайда);
 - 7) жүрек ұстамасы және апоплексия соғуы (растайтын құжаттар бар болған жағдайда);
 - 8) медициналық немесе хирургиялық емдеу, немесе жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының алған дене жарақаттарын емдеу үшін тікелей қажетті болатын оталар (растайтын құжаттар бар болған жағдайда);
 - 9) алкогольден мастану, жеңіл деңгейін қоспағанда;
 - 10) Сақтандырылушының кәсіби спортпен немесе спорттың қауіпті түрлерімен (қысқы, суасты, ат, авиациялық, спорттың күштесетін түрлері, құзға өрмелеу, альпинизм, дельтапланеризм, парашют спорты, шығыс жекпе-жегі) шұғылдануы немесе осы түрлермен жаттығу, сондай-ақ өміріне қауіпті трюктар орындау, егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыруға қабылдау кезінде немесе сақтандыру алдында Сақтандырушыдан осындай ақпаратты жасырса және өзге жағдайлар тікелей сақтандыру шартымен қарастырылмаса;
 - 11) лицензияланған авиакомпанияның жолаушылық әуе кемелерінде жолаушы ретінде ұшуды есепке алмағанда, ұшу аппараттарында (соның ішінде дельтапландарда, парашюттарда) ұшу (растайтын құжаттар бар болған жағдайда);
 - 12) қажетті қорғану немесе асқан қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерден өзге, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына немесе оның орын алуына жәрдемдесетін қасақана әрекеттерге баруы;
 - 13) белгіленген заңнамалық актілер тәртібінде әдейі қылмыспен немесе сақтандыру оқиғасымен себептік байланыста болған әкімшілік құқық бұзушылықпен танылған Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының әрекеттері.
2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына төмендегілер де негіз болып табылады:
 - 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру оқиғасы және оның салдары туралы, сондай-ақ Ереженің 10 бабының 5-тармағына сәйкес өзге де деректер туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы (растайтын құжаттар бар болған жағдайда);
 - 2) сақтандыру оқиғасының орын алуы жағдайын тергеуде сақтандырушыға Сақтанушының кедергі жасауы (растайтын құжаттар бар болған жағдайда);
 - 3) сақтандыру оқиғасы жайлы – оның орын алуынан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарланбауы, егер сақтандыру оқиғасының орын алуы жайлы Сақтандырушының уақытылы білгені немесе Сақтандырушыда осы жайлы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жасау міндетіне әсерін тигізбейтіндігі дәлелденбеген жағдайды есепке алмағанда;
 - 4) осы Ережелердің 3-тарауында белгіленген тәртіпте және мерзімде Сақтандырушыға мәлімделген оқиға бойынша шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды ұсынбау.
 3. Осы бабтың 1 және 2-тармақтарында көрсетілгеннен басқа жағдайлардың нәтижесінде сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтандырылушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемі толық көлемде төленеді.

34-бап. Қосымша өтеу бойынша сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын тоқтату.

1. Қосымша өтеу бойынша сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуы мына сәттен бастап тоқтатылады:
 - 1) жинақтау кезеңінің (сақтандыру мерзімінің) аяқталуы;
 - 2) Сақтандырылушының қайтыс болуы немесе Сақтандырылушыға 1 немесе 2 топтағы мүгедектік берумен оның еңбек ету қабілетін жоғалтуы және Сақтандырушының осы Ережелерге сәйкес сақтандыру оқиғасының орын алуы бойынша біржолғы сақтандыру төлемін жасауы;
 - 3) Сақтандырылушыға 1 немесе 2-топтағы мүгедектік берумен Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалтуы және Сақтанушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босату;
 - 4) Сақтандырушының Төленген сақтандыру полисіне қол қоюы;
 - 5) Сақтанушының Сақтандырушыға жазатайым оқиғадан сақтануға қатысты сақтандыру шартының әрекетін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш беруі;
 - 6) сақтандыру шартының талаптары бойынша тиісті болатын сақтандыру жарналарын төлемеу немесе толық көлемде төлемеу;
2. Сондай-ақ Қосымша сақтандырылушының жарақат алуы түрінде, дене жарақаттары бойынша Төлемдер кестесіне сәйкес төлемдерімен жазатайым оқиға нәтижесінде қосымша сақтандыру өтеуі қосымша сақтандырылушының қайтыс болған сәтінен бастап қолданылуын тоқтатады.
3. Егер сақтандыру шартының қолданылуы осы баптың 1-тармағының 4)-6)-тармақшалары негізінде тоқтатылған болса, Сақтанушы кешіктірілген сақтандыру жарналарын төлеу шартымен, егер олар бар болса, Сақтандырушының жазбаша келісімімен оның қолданылуын қалпына келтіруге құқылы болады. Бұл ретте, Сақтандырушы Сақтанушының есебінен Сақтандырылушының жағдайына медициналық сараптама жасауды талап етуге құқылы болады.
4. Қосымша өтеу бойынша сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған жағдайда, осы Ережелерде тікелей келісілген жағдайларды қоспағанда, өтеп алынатын сома қарастырылмайды.

35-бап. Сақтандырылушының қатты ауруы жағдайына сақтандыру.

1. Сақтандыру оқиғасы – жинақтай кезеңінде алғаш рет диагностика жасалған және қатты аурудың анықтамасына сәйкес келетін Сақтандырылушының қатты ауыруы болып табылады.
2. Қатты ауыруға келесілер жатады:
 - 1) бақылаусыз өсумен қатерлі өсінділер ретінде гистологиялық тұрғыда жіктелген ісік(-тер)дің дамуымен көрініс табатын ауру, сондай-ақ лейкемия және лимфа жүйесінің қатерлі аурулары, соның ішінде Ходжкин ауруы; аурудың бұл анықтамасы шарттың жасалу күніне қарамастан Pro Life Fit шарттарының барлығына қолданылады;
 - 2) миокард жасушаларының зақымдануын растауға тән ферменттер деңгейінің қанда ұлғаюымен және миокардқа тән ЭКГ-өзгерістерімен (АЛТ, АСТ, ЛДГ, КФК) миокард инфаркті (АЛТ, АСТ, ЛДГ, КФК) ;
 - 3) инсульт – 3 (үш) айдан астам ұзақтықта неврологиялық симптомдар білдіретін және митінінің, геморрагия мен эмболияның өлуін (некроз) қамтитын цереброваскулярлық өзгерітер;
 - 4) екі бүйрек жұмысының қайтымсыз бұзылуымен және ұдайы гемодиализдің немесе донорлық бүйректі трансплантациялау қажеттілігімен сипатталатын орны толтырылмаған (термальды) бүйрек жетімсіздігі;
 - 5) сақтандыру қорғанысының қолданылуы кезеңінде орын алған жазатайым оқиғаның немесе шалдыққан аурудың салдарынан екі көздің де көріу қабілетінің толығымен, тұрақты түрде және қайтымсыз нашарлауы;

- 6) жүрек, өкпе, бауыр, ұйқы безі, жұқа ішек, бүйрек немесе жілік майы секілді өмірлік маңызды бар органдардың трансплантациясы, басқа органдар мен тіндердің трансплантациясын қоспағанда;
 - 7) кемінде 6 (алты) ай бойы магнитті-резонансты томография жағдайында тіркелетін спецификалық зақымданулармен және жұлын-ми сұйықтығындағы өзіндік өзгерістерімен қимыл және сенсорлық функциялардың бұзылуы, сондай-ақ демиелинизацияға тән симптомдардың болуымен шашыраңқы склероз;
 - 8) сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде жазатайым оқиғаның салдарынан сал болу немесе 3 (үш) ай бойы екі немесе одан артық аяқ-қолының қозғалу функциясының толық және тұрақты жоғауына әкелген жұлын ауруы, Гийен-Барре синдромын қоспағанда;
 - 9) қолқа тарамдарының ауруларын хирургиялық жолмен емдеуді қоспағанда, қолқаны тілужәне оның ақаулы бөлігін трансплантантпен ауыстыру жолымен қолқаның созылмалы ауруларын емдеу мақсатында қолқаның кеуде және/немесе қарын бөлігі ауруларын хирургиялық емдеу;
 - 10) тарылудың/жетіспеушіліктің немесе осындай жай-күйдің комбинациясының дамуы салдарынан қолқалық, митральды, трикуспидальды немесе пульмональды жүрек қақпақшаларын олардың жасанды баламаларына хирургиялық ауыстыру, бірақ вальвулотомияны, вальвулопластиканы және қақпақшаларды ауыстырып орналастырусыз (ауыстырусыз) жүргізілетін емдеудің басқа түрлерін қоспағанда;
 - 11) екі немесе одан көп тарылған немесе бітелген тәждік күретамырларды түзету мақсатында, тәждік ангиографияның болуы жағдайында айналма тамырлық шунттау әдісімен тәждік күретамырларды ашық қол жеткізумен хирургиялық емдеу, бірақ қантамырлардағы ангиопластиканы және/немесе басқа манипуляцияларды, лапароскопиялық хирургиялық манипуляцияларды қоспағанда.
3. Күту кезеңі - сақтандыру шартының күшіне ену сәтінен бастап немесе осы қосымша өтеу бойынша әрекеттің күшіне ену сәтінен бастап, Сақтандырушы Сақтандырылушымен болатын сақтандыру оқиғасы үшін жауапкершілікте болмайтын сақтандыру қорғанысының қолданылуы басталатын сәтке дейінгі уақыт кезеңі. Осы қосымша өтеу бойынша күту кезеңі 3 (үш) айды құрайды.
 4. Белгілі мерзімге дейін өмір сүру кезеңі - Сақтандырылушының қатты ауруының ақырғы диагнозы белгіленген күннен бастап, осы қосымша өтеу бойынша төлем күніне дейінгі уақыт кезеңі, бірақ Сақтандырылушының тірі болу шартымен. Белгілі мерзімге дейін өмір сүру кезеңі осы қосымша өтеу бойынша 30 (отыз) күнді құрайды.
 5. Қатты аурулардың тандалған тізімі мен осы қосымша өтеу бойынша сақтандыру сомасы сақтандыру өтінішінде белгіленеді және Полисте көрсетіледі.
 6. Осы қосымша өтеу бойынша сақтандыруға келесі тұлғалар қабылданбайды:
 - 1) Ережелердің осы бабының 2-тармағында көрсетілген аурулардың біріне немесе оталардың біріне шалдыққан;
 - 2) I, II немесе III топтағы мүгедек, бала кезінен мүгедек, АИТВ тасымалдағыш, ЖИТС ауру;
 - 3) тәждік күретамырлар патологиясы, диагностикаланған қант диабеті, қан жүру жүйесінің, бауыр мен асқазан-ішек жолының, тыныс алу жүйесінің, бүйрек пен несеп жүйелерінің ауруы бар,
 - 4) неврологиялық және психикалық аурулардан, алкоголизмнен және нашақорлықтан зардап шегушілер.
 7. Pro Life Fit шарттары үшін шарттың қолданылуының алғашқы 3 жылы ішінде осы баптың 2-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген аурулар өтеледі.
- 4-ші жылдан бастап сақтандыру шарттары үшін, осы баптың 2-тармағында көрсетілген ауруларды өтеу жатады.

36-бап. Сақтандырылушының қатты ауру жағдайына сақтандыруына қатысты сақтандыру төлемін жасаудан Сақтандырушыны босату негіздері

1. Қатты ауру түріндегі қосымша өтеу бойынша сақтандыру оқиғасынан өзгешеліктер келесілер болып табылады:
 - 1) АИТВ инфекциясы болғанда туындаған қатты ауру;
 - 2) тері қабаттарының қатерлі ісіктері мен ІА сатысындағы қатерлі меланома (TiaNoMo);
 - 3) гистологиялық тұрғыда обыралдылық ретінде сипатталған ісіктер;
 - 4) Глисон шәкілі (Gleason) бойынша 6 балдан жоғары немесе T2 N0 M0 сатысына дейінгі гистологиялық тұрғыда жіктелген қуықассты безі обыры;
 - 5) кез келген инвазивті емес обыр (cancer in situ);
 - 6) CIN-1, CIN-2, CIN-3жатыр мойнының дисплазиясы;
 - 7) жүректің ишемиялық ауруының себебінсіз туындайтын жіті тәждік синдромдар;
 - 8) ЭКГ-ғы ST сегментінің өзгеруінсіз жүрек бұлшықетінің инфаркты;
 - 9) ми қан айналымының өткінші бұзылуы;
 - 10) бас миының жарақаттық бүлінуі нәтижесінде цереброваскулярлық өзгерістер (ми қан айналымының бұзылуы);
 - 11) органдардың, орган бөліктерінің, жасушалардың немесе бүйректі қоспағанда қандай да бір тіннің трансплантациясы;
 - 12) уақытша бүйрек диализін қажет ететін жіті бүйрек жетімсіздігі;
2. Осы Ережелерде көрсетілген сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босаудың өзге негіздемелерінен басқа, егер Сақтандырылушының қатты ауыруы осы Ережелердің 33-бабының 1-тармағының 1, 2, 3, 4, 10, 11, 12, 13 тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде, сондай-ақ келесілердің нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде жинақтау кезеңінде орын алған болса (растайтын құжаттар бар болған жағдайда), Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға құқылы болады:
 - 1) алкогольизм, қатты және орташа деңгейде алкогольден мастану, алкогольді кардиомиопатия, алкогольды бүйрек циррозы, алкогольді кома, бауырдың алкогольдік майды дистрофиясы, алкогольді гепатит, алкогольді панкреатит, алкогольді энцефалопатиялар, алкогольді делирия (психоз, галлюциноз), алкогольді абстинентті синдром, алкогольді полинейропатия, сондай-ақ алкоголь ішумен себеп-салдарлық байланысы бар аурулар;
 - 2) АИТВ-инфекциясымен ауыру.
3. Егер сақтандыру оқиғасы тікелей немесе жанама түрде Сақтандырылушының өзіне қол жұмсауға әрекет етуі нәтижесінде орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады (растайтын құжаттар бар болған жағдайда).
4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына төмендегілер де негіз болып табылады:
 - 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру оқиғасы және оның салдары туралы, сондай-ақ Ереженің 10 бабының 5-тармағына сәйкес Сақтандырушы ұсынуы тиіс болатын өзге де деректер туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы (растайтын құжаттар бар болған жағдайда);
 - 2) сақтандыру оқиғасының орын алуы жағдайын тергеуде Сақтандырушыға Сақтанушының кедергі жасауы (растайтын құжаттар бар болған жағдайда);
 - 3) сақтандыру оқиғасы жайлы – оның орын алуынан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға жазбаша түрде хабарланбауы, егер сақтандыру оқиғасының орын алуы жайлы Сақтандырушының уақытылы білгені немесе Сақтандырушыда осы жайлы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жасау міндетіне әсерін тигізбейтіндігі дәлелденбеген жағдайды қоспағанда;

- 4) осы Ережелердің 37-бабында белгіленген тәртіппен және мерзімде, осы Ереженің 38-бабына сәйкес мәлімделген оқиға туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға табыс етпеу.
5. Сақтандырушы осы Ережелердің 35-бабына сәйкес қатты аурудың анықтамасына сәйкес келмейтін кез келген аурулар бойынша сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.
6. Егер қатты ауру диагнозы сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі басталғанға дейін анықталса (бірінші диагностикалау), Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.
7. Егер қатты ауру диагнозы сақтандыру шартының қолданылуы басталған күннен бастап немесе осы өтеу бойынша әрекеттің басталған күннен бастап 3 (үш) айдың ішінде анықталса (бірінші диагноздау), Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.
8. Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда жинақтау кезеңінде алғаш диагностикаланған қатты ауру диагнозы Сақтандырылушыға белгіленген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.

37-бап. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандырылушының қатты ауыруы бойынша Сақтандыру төлемін жасау тәртібі мен мерзімі

1. Сақтандырылушының қатты ауру жағдайына сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.
2. Сақтандыру оқиғасы орын алғандағы сақтандыру төлемінің мөлшері осы өтеу бойынша сақтандыру сомасына тең.
3. Жинақтау кезеңінде алғаш диагностикаланған Сақтандырылушының қатты ауыруының сақтандыру оқиғасы бойынша сақтандыру төлемі күту кезеңінің ескерілуімен, Сақтандырылушыға қатты ауру диагнозы белгіленген күннен бастап ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн уақыт кезеңі өткеннен кейін жүзеге асырылады. Сақтандырылушының осы тармақта көрсетілген кезеңі өткен күннің келесі күнінде Сақтандырылушының тірі болуы шарттымен, Сақтандырылушыға қатты ауру диагнозы белгіленген күннен бастап ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн уақыт кезеңі біткеннен кейін жинақтау кезеңінде алғаш диагностикаланған Сақтандырылушының қатты ауыруының сақтандыру оқиғасы бойынша сақтандыру төлемін Сақтандырушы жүзеге асыруға міндетті болады.
4. Сақтандырылушыға қатты ауру диагнозы белгіленген күннен бастап ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Сақтандырылушыого қайтыс болған жағдайда, жинақтау кезеңінде алғаш диагностикаланған Сақтандырылушының қатты ауыруының сақтандыру оқиғасы бойынша сақтандыру төлемі жасалмайды.
5. Осы қосымша өтеу бойынша сақтандыру төлемі осы Ережелердің 38-бабында көрсетілген құжаттарды Сақтандырушы алған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күн ішінде біржолғы төлеммен жасалады.
6. Сақтандыру төлемі осы Ережелерде көрсетілген Сақтандырылушының алғаш диагностикаланған қатты ауыруы бойынша ғана жасалады. Сақтандырылушыға алғаш диагностикаланған қатты ауру бойынша сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін Сақтандырылушының қатты ауыруы оқиғасына сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады.

38-бап. Сақтандырылушының қатты ауыруы сақтандыру оқиғасының орын алуын растайтын құжаттар тізімі

1. Жинақтау кезеңінде алғаш диагностикаланған Сақтандырылушының қатты ауруының сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтанушы (Пайда алушы) Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынуы тиіс:
 - 1) Сақтандыру полисінің көшірмесі;
 - 2) берген мекеменің мөрімен куәландырылған стационарлық аурудың медициналық картасының көшірмелері;
 - 3) берген мекеменің мөрімен куәландырылған тәждік ангиография, магниттік-резонанстық томография, электрокардиография, эхокардиография, рентгенография, гистологиялық зерттеу (биопсия), қанның биохимиялық зерттеуінің нәтижелері мен медициналық тексерудің өзге де нәтижелері, егер бұл қатты ауруды растау үшін қажет болса;
 - 4) берген мекеме мөрімен куәландырылған қатты ауру диагнозын растау үшін невропатологтың, офтальмологтың, онкологтың, кардиологтың, хирургтың және/немесе өзге де маман дәрігердің қорытындысы;
 - 5) берген мекеменің мөрімен куәландырылған амбулаториялық картаның көшірмесі;
 - 6) Сақтандырылушының жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі, ЖСН-і;
 - 7) Сақтандырушының сауалы бойынша өзге құжаттар.
2. Сақтандырушының сұрауында көрсетілген күндегі Сақтандырылушының жағдайы бойынша толық медициналық диагнозы бар денсаулық жағдайы жайлы анықтаманы да Сақтандырушы сұратуға құқылы. Сақтандырылушы дәрігерлерді, күтім жасаушы тұлғаларды, медициналық мекемелер мен тиісті уәкілетті мемлекеттік органның қызметкерлерін Сақтандырушының сұрауы бойынша Сақтандырылушының денсаулық жағдайы туралы анықтама беруге өкілетті етуге міндетті.
3. Сақтандырушының келесі құқықтары бар:
 - 1) сақтандыру оқиғасының орын алу жағдайы мен себептерін тексеру;
 - 2) сақтандыру оқиғасына жататын ақпаратқа ие болуы мүмкін үшінші тұлғаларға сауалдар жіберу;
 - 3) Сақтандырушы белгілеген дәрігерлердің Сақтандырылушыны қосымша медициналық тексерілуді талап ету, соның ішінде сақтандыру оқиғасының себептері мен салдарын тексеру үшін.
4. Егер құқық қорғау органдары Сақтандырылушымен болған сақтандыру оқиғасы бойынша қылмыстық іс қозғау мәселесін қарастырса, Сақтандырушы құқық қорғау органдарынан қылмыстық іс қозғау туралы немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулыны немесе аталған органдардың немесе соттың қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны немесе соттың үкімін сұрауға құқылы.

39-бап. Бір жазатайы оқиғаның нәтижесінде туындаған сақтандыру тәуекелдері бойынша қосымша өтеулер бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мөлшері, тәртібі және шарттары.

1. Бір жазатайы оқиғаның нәтижесінде осы Ережелердің 25 бабының 2-тармағымен қарастырылған бірнеше сақтандыру оқиғалары туындауы мүмкін.
2. Егер сақтандыру оқиғалары бір жазатайым оқиға бойынша туындаса, Сақтандырушы төменде көрсетілген қосымша өтеу бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың ерекше тәртібі мен шарттарын анықтайды:
 - 1) Жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиғаның нәтижесінде, бірінші немесе екінші топ мүгедектігінің («мүгедектік») берілуімен Сақтандырылушы еңбекке қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда біржолғы сақтандыру төлемі:

- бірінші топтағы мүгедектік берілген жағдайда, сақтандыру сомасының 100%-ы;
 - екінші топтағы мүгедектік берілген жағдайда, сақтандыру сомасының 80%-ы.
- 2) Жинақтау кезеңінде алғаш диагностикаланған Сақтандырылушының қатты ауру оқиғасына сақтандыру («қатты аурулар»).
3. Егер сақтандыру оқиғасының нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топ мүгедектігі берілетін болса және сонымен қатар, «қатты аурулар» өтеуі бойынша сақтандыру төлемдері жасалған болса (дәл сол сақтандыру оқиғасының нәтижесінде), мүгедектік бойынша біржолғы сақтандыру төлемі «қатты аурулар» өтеуі бойынша сақтандыру төлемінің шегерілуімен жүргізіледі. Бұл ретте, егер «қатты аурулар» өтеуі бойынша сақтандыру төлемі «мүгедектік» өтеуі бойынша сақтандыру сомасынан асатын болса, онда «мүгедектік» өтеуі бойынша сақтандыру төлемі нөлге тең болады. Сонымен қатар, сақтандыру шарты мүгедектіктің өтеуі бойынша сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданған күннен бастап барлық өтеулер бойынша қолданылуын тоқтатады, ал Сақтандырылушыға (Пайда алушыға) өтеп алынатын сома мен бонустық өтеп алынатын сома төленеді, егер олар бар болса.
4. Басқа өтеулер бойынша сақтандыру төлемдері, соның ішінде негізгі және қосымша төлемдер бір-бірінен тәуелсіз жүзеге асырылады, яғни қосындыланады.
5. Сақтандыру төлемі Ережелердің 33 бабында көрсетілген шарттардың ескерілуімен жасалады.
6. Ережелердің 33 бабының 1 және 2 тармақтарымен қарастырылған негіздемелер бойынша және жағдайлардың салдарынан сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

4-тарау. ҚОСЫМША ҚАҒИДАЛАР

40-бап. Сақтандыру шартын бұзу

1. Егер Сақтанушы сақтандыру полисін ресімдеген күннен бастап, бірінші күннен он төртінші күнді қоса алғандағы мерзімде біржақты тәртіппен сақтандыру шартынан бас тартса, онда Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін шегергенде алынған сақтандыру сыйлықақыларының сомасын сақтандыру қолданылған уақытқа және сақтандыру шартын бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының он пайызынан аспайтын шығындарға пропорционал мөлшерде қайтаруға міндетті, бұл ретте сақтандыру жағдайының болмауы және Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырмауы шарт.
2. Осы Ережелермен қарастырылған міндеттерді тоқтату негіздемелерінен басқа, сақтандыру шарты келесі жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады :
 - 1) Сақтандырушының еріксіз тарауы туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;
 - 2) Сақтандырушыны ерікті түрде таратуға рұқсат беру туралы уәкілетті орган шешімінің заңды күшіне енуі;
 - 3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған басқа жағдайларда.
3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген жағдайлар бойынша сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда шартпен белгіленген мөлшердегі және Ережелердің 17-бабында қарастырылған мөлшердегі өтеп алынатын сома қайтарылуға жатады.
4. Сақтанушы шарттан бас тартқан жағдайда, егер ол осы баптың 1-2 тармақтарында және Ережелердің 17-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайлармен байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сомасы немесе сақтандыру жарналары қайтаруға жатпайды.
5. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы оның талаптарының Сақтандырушының кінәсынан орындалмаған жағдайларда, Сақтандырушы Сақтанушыға оған төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толығымен қайтаруға міндетті.

6. Сақтанушы Сақтандырушы берген кешіктіру кезеңінде кезекті сақтандыру жарнасын төлемеген жағдайда, шарт Сақтанушының бастамасы бойынша бұзылған болып есептеледі.
7. Шарт хабарлама жіберуді растау тәсілімен хабарлама жіберген сәттен бастап не болмаса хабарламада көрсетілген мерзімде бұзылған болып есептеледі.

41-бап. Сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы хабарламаны қарастыру мерзімі

1. Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының орын алуы туралы хабарлау барысында Сақтанушы / Сақтандырылушы / Пайда алушы оқиға орын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн бойында осы Ережелермен қарастырылған құжаттарды ұсынуға міндетті болады.
2. Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы орын алғаны туралы хабарлама түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні бойында Сақтанушыға / Сақтандырылушыға / Пайда алушыға мәлімделген оқиғаны бекіту және жетпей тұрған құжаттарды беру қажеттігі туралы, егер ондай болса, хат жібереді.
3. Егер Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы Сақтандырушының сұрауы бойынша белгіленген мерзімдерде мәлімделген оқиғаны қарастыру және ол бойынша сәйкес шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды бермесе және бірінші сұраудан бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн өтсе, Сақтандырушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайта сұраныс жібереді. Сонымен қатар, егер қайта жіберілген (екінші) Сақтандырушы сұрауынан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өтсе және Сақтанушы/ Сақтандырылушы/ Пайда алушы осы Ережелерге сәйкес құжаттарды бермесе, Сақтандырушы қарастырусыз мәлімделген оқиға жайлы хабарлама қалдыруға құқылы болады.
4. Қарастырусыз сақтандыру оқиғасының орын алуы жайлы хабарлама қалдыру туралы шешім осындай шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде Сақтанушыға/ Сақтандырылушыға/ Пайда алушыға хабарланады.
5. Бұл ретте, Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы қарастырусыз сақтандыру оқиғасының орын алуы жайлы хабарлама қалдыру туралы Сақтандырушының шешім қабылдаған күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жетпейтін құжаттарды қоса берумен және олардың бұрын берілмеген дәлелді себептерін көрсетумен мәлімделген оқиғаны қарауды жаңарту туралы Сақтандырушыға өтінішпен жүгінуге құқылы болады.
6. Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының осы бабтың 5-тармағында көрсетілген мерзім бойында мәлімделген оқиға бойынша жетімсіз құжаттарды бермеуі Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тарту туралы шешімін қайта бастау мерзімінің аяқталу күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылдауы үшін негіз болып табылады, ол туралы Сақтандырушы шешім қабылдау күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға / Сақтандырылушыға /Пайда алушыға хабарлама жібереді.
7. Егер Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіру дерегі бойынша қылмыстық істерді жүргізуші органдар (әрі қарай – Органдар) қылмыстық іс қозғау туралы мәселе қарастырса, Сақтандырушы Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) немесе Органдардан қылмыстық іс қозғау туралы, қозғаудан бас тарту туралы немесе қылмысты істі тоқтату туралы қаулы көшірмесін сұрауға құқылы болады.
8. Бұл ретте, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Органдармен процессуалды шешім шығарғанға дейін сақтандыру төлемдерін жасау туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы болады.

42-бап. Сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру

1. Егер сақтандыру шартының қолданылуын тоқтатуға немесе сақтандыру шартын бұзуға Сақтанушының сақтандыру жарнасын төлемеуі негіз болса немесе полис төленген жағдайына

өткізілсе, Сақтандырушы Сақтанушыға келесілерді төлей отырып бастапқы талаптарға сақтандыру шартының қоланылуын қалпына келтіруге міндетті болады:

- 1) сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының қарыз алуымен байланысты берешек сомасы, егер ондай берешекті Сақтанушы өтемеген болса;
 - 2) кешіктірілген сақтандыру жарналары;
 - 3) сақтандыру жарналарының кешіктіріп төлегені үшін өсімпұлдар, егер олар бар болса (өсімпұлды төлеу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі мөлшерінде, мерзімі кешіктірілген әр күн үшін өсімпұл есептеледі).
2. Сақтанушы сақтандыру шартының қолданылуын – оны бұзу немесе тараптардың сақтандыру шарттарындағы өз міндеттерін қолдануды тоқтату немесе полисті төленгенге ауыстыру күнінен бастап бір жыл бойында қалпына келтіруге құқылы.
 3. Сақтандыру шартының тараптары өз міндеттемелерін орындауды тоқтатқан күннен бастап немесе азайтылған сақтандыру сомасымен сақтандыру полисінің қолданылу мерзімінің күнінен бастап бір жыл өткеннен кейін Сақтанушы Сақтандыру шартын қалпына келтіру барысында Сақтандырушының нысаны бойынша Сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтандырылушының денсаулық жағдайы туралы декларацияны толтыруға міндетті болады.
 4. Сақтанушы декларацияда Сақтандырылушының денсаулық жағдайы туралы сақтандыру оқиғасының орын алу ықтималдағын анықтау үшін маңызды мәні бар, оған белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті. Егер сақтандыру шартын қалпына келтіргеннен соң Сақтанушы Сақтандырушыға осы тармақта көрсетілген жағдайлар туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны мәлім болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған салдарды қолдануға құқылы болады.
 5. Сақтандырушы сақтандыру шартын қалпына келтіру барысында Сақтандырылушының денсаулық жағдайына медициналық сараптама жүргізуге құқылы болады.
 6. Сақтандырылушының денсаулық жағдайы нашарлаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемдерінің және (немесе) сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) мөлшеріне қайта есептеу жүргізуге құқылы болады. Сақтанушының жаңа талаптардағы денсаулық жағдайына сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруден бас тартқан жағдайда сақтандыру шарты қалпына келтіруге жатпайды.
 7. Сақтандырушы сақтандыру шартының әрекетін қалпына келтіруден бас тартуға құқылы, егер ондай шарттың талабы мерзімінен бұрын тоқтатылса және Сақтандырушы өтеп алынатын соманы төлесе. Сонымен қатар, егер Сақтандырылушының денсаулық жағдайы мұндай қайта есептеу мен қалпына келтіруге мүмкіндік бермейтін жағдайда.
 8. Сақтандыру шартының қолданылуын – полисті тоқтату күнінен бұрынғы күні қолданыста болға осы полис немесе полисті Төленгенге аудару талаптарында қалпына келтірген жағдайда, мұндай қалпына келтіруді Сақтандырушы Сақтанушыға қалпына келтіру күні көрсетілген хабарлама жіберумен растайды.
 9. Тоқтатылған сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтірген жағдайда сақтандыру қорғанысының қолданылуы – өсімақының (бар болған жағдайда) ескерілуімен, берешектің бүкіл сомасы немесе мерзімі кешіктірілген сақтандыру жарналары толығымен төленген күннен басталады және сақтандыру шарты тоқтатылған уақыт кезеңіне қолданылмайды.
 10. Сақтандыру шартының қолданылуы «Төленген» мәртебесімен сақтандыру шартына аудару күнінің алдындағы күні қолданыста болған Полистің шарттарында «Төленген» мәртебесі бар сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтірген жағдайда (осы Сақтандыру ережелерінің 15 бабы 4-тармағының 2-тармақшасы) өсімақының ескерілуімен мерзімі

кешіктірілген сақтандыру жарналарының барлығын немесе берешектің бүкіл сомасы толығымен төленген күннен басталады және қалпына келтірудің алдындағы уақыт кезеңіне қолданылмайды.

43-бап. Қарыз алу құқығы

1. Сақтанушы екі жыл бойы сақтандыру сыйлықақыларына төлемдер жасаған жағдайда, Сақтандырушы өтеп алынатын сома шегінде, Сақтандырушымен келісілген мөлшерде келісілген мөшерде қарыз алуға құқылы болады.
2. Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы қарыз шарты Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес жасалады.
3. Сақтандырушы Сақтанушыларға қарыздарды – қарыз беру күніндегі заңнамалық актілермен белгіленген сыйақы мөлшерлемесі бойынша береді.
4. Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі екі тараптың қол қою сәтінде қарыз шартында көрсетіледі және қарыз шартының қолданылуының барлық кезеңінде өзгеріссіз қалады.
5. Қарыз беру кез келген мақсатқа, соның ішінде қарыз сомасының есепке алынуымен анықталатын мерзімге сақтандыру шарты бойынша кезекті сақтандыру жарналарын төлеу бойынша кейінге қалдыру түрінде жүзеге асырылады.
6. Қарыз сомасы және бір күнтізбелік жылға есептелген сыйақысы қарыз беру күніндегі өтеп алынатын сомасдан жоғары болмайды.
7. Қарыз бойынша берешек сомасы қарыз нысаны болып табылатын ақша сомасын, қарыз бойынша сыйақы мен қарыз бойынша өсімпұлды қамтиды, егер ол бар болса.
8. Сақтанушы қарыз сомасы мен есептелген сыйақы сомасын қарыз шартының қолданылу мерзімінің соңына дейін өтемеген (толық немесе ішінара) жағдайда, сақтандыру шарты бойынша өтеп алынатын соманың мөлшері қарыз шарты бойынша Сақтанушының берешек сомасына азаяды. Сақтандыру шартының қолданылуының әрбір келесі жылы үшін өтеп алынатын соманың мөлшері өндірістік азаю есебімен анықталады.
9. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері не болмаса сақтандыру шарты бойынша өтеп алынатын соманың азаюы сәтінде, не болмаса сақтандыру сомасын төлеуді жүзеге асыру сәтінде азаяды.
10. Сақтандыру қарызы бойынша жалпы берешек өтеп алынатын соманы төлеу барысында дереу өтеуге жатады – сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу жағдайында, сақтандыру төлемін жүзеге асыру барысында – қайтыс болу жағдайында, егер де оған дейін көрсетілген берешекті Сақтанушы өтемесе. Аталған берешек Ережелердің 21 бабының 13-тармағына сәйкес Пайда алушыға (Сақтанушыға) Сақтандырушының төлеуі тиіс сомасынан өтеледі.
11. Егер қарыз шарты бойынша берешек сомасы өтеп алынатын соманың мөлшеріне жететін болса, өтеп алынатын соманың мен сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шарты бойынша нөлге тең болып есептеледі. Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыға сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасын немесе өтеуі төлеп алынатын соманы азайту күніне дейін отыз күнтізбелік күн бұрын хабарлайды.
12. Сақтанушы төлейтін ақша сомасы келесі тәртіпте есепке қосуға жатады:
 - 1) қарыз шартының талаптарына сәйкес қарыз бойынша өсімпұлдар өтеу есебіне (бар болған жағдайда);
 - 2) қарыз шартының талаптарына сәйкес қарыздар бойынша сыйақыны өтеу есебіне;
 - 3) қарыз шартының талаптарына сәйкес қарыздың негізгі сомасын өтеу есебіне;
 - 4) сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру жарнасының есебіне.
13. Егер Сақтанушы төлеген ақша сомасы сақтандыру шартының талаптарына сәйкес кезекті сақтандыру төлемі үшін жеткіліксіз болса (осы баптың 12-тармағында белгіленген есепке қосу

тәртібіне сәйкес), Ережелердің 15-бабына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеудің кешігуі бойынша салдары орын алады.

14. Сақтанушыға Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша бірнеше бірізді қарыздарды берген жағдайда, олар осы бапта баяндалған талаптар мен шектеулер қолданылатын кейінгі уақытта бір қарыз ретінде қарастырылады.
15. Сақтанушы қарызды мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, сумма к возврату Сақтандырушыға қайтарылуы тиіс сома қарызды мерзімінен бұрын өтеу күнінде негізгі қарыздың қалдығы мен септелген пайыздардан, және бар болған жағдайда – өсімақыдан тұрады.
16. Сақтанушы қарызды мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, егер қарыз шартының қолданылуының бүкіл кезең бойына есептелген пайыздардың ескерілуімен төлем сомасы бойынша бүкіл сома өтелетін болса, Сақтандырушы қарыз шарты бойынша өтеу кестесі аяқталғанға дейін қарыз мерзімінен бұрын өтелген күннен бастап Сақтанушыға есептелген пайыздарды қайтарады.
17. Сақтандыру төлемдерінің сомаларын аударумен, есепкежатқызумен және төлеумен байланысты банк қызметтерінің ақысын төлеу (Сақтандырушының) сақтандыру ұйымының жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

44-бап. Форс-мажор

1. Тараптар өрт, дүлей алапаттар, соғыстар, кез келген сипаттағы соғыс операциялары, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, қоршаулар, экспортқа немесе импортқа тыйым салулар, дефолт, мемлекеттік органның нормативтік актіні немесе тараптарға бағынбайтын басқа жағдайлар салдарынан сақтандыру шарты бойынша міндеттерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапты болмайды.
2. Міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар әсер ететін уақытқа мөлшерлес шамада кейінге қалдырылады.

45-бап. Басқа шарттар

1. Сақтандыру шартына барлық өзгертулер мен қосымшалар Ережелермен қарастырылған тәртіпте және жаңа полис беру жолымен тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізіледі.
2. Сақтандыру полисін жоғалтқан жағдайда Сақтанушы Сақтандырушыға хабарлап, телнұсқасын алуға өтініш жазуға міндетті. Сақтандырушы тиісті телнұсқаны бергеннен кейін жоғалған сақтандыру полисі жарамсыз болады. Сақтандыру полисінің телнұсқасын алумен байланысты шығындарды Сақтанушы көтереді.
3. Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) бойынша барлық төлемдер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңгемен жүзеге асырылады. Осы шарт бойынша сақтандыру сомасы, сақтандыру төлемі мен сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен және сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) талаптарына сәйкес төлеу / төлем теңгемен белгіленген.
4. Сақтандыру шартына қатысы бар кез келген хабар қағаздар, өтініштер, талаптар, хабарламалар, түсініктер жазбаша түрде орындалып, екінші тарапқа тікелей табысталуы тиіс немесе оның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберілуі тиіс.
5. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде туындайтын даулардың барлығы келіссөздер арқылы шешіледі.
6. Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қарастырылады.